

**«МҮНАЙ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

Қаржылық есептілік
2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебімен бірге

«МҰНАЙ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

МАЗМҰНЫ

	Бет
2020 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУҒА ЖӘНЕ БЕКІТУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ	3
ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ	4-6
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК:	7
Қаржылық жағдай туралы есеп	8-9
Пайдалар мен залалдар және өзге жиынтық кіріс туралы есеп	10
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп	11-12
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп	13-57
Қаржылық есептілікке ескертпелер	

«МҰНАЙ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2020 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУҒА ЖӘНЕ БЕКІТУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ

Ұсынылған тәуелсіз аудиторлардың есебінде қамтылған аудиторлардың міндеттерін сипаттаумен бірге қаралуы тиіс төмендегі мәлімдеме «Мұнай сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі «Компания») қаржылық есептілігіне қатысты аудиторлардың жауапкершілігін шектеу мақсатында жасалды.

Басшылық Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі - "ХҚЕС") сәйкес Компанияның 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайын, сонымен қатар 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін оның қызметінің нәтижелерін, меншікті капиталдағы өзгерістерді және ақша қаражатының қозғалысын сенімді түрде көрсететін қаржылық есептілікті дайындау үшін жауапты.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық мыналар үшін жауапты болады:

- бухгалтерлік есептің тиісті қағидаттарын таңдау және оларды бірізді қолдану;
- негізделген бағалаулар мен есептеулерді қолдану;
- ХҚЕС талаптарын сақтау;
- ХҚЕС талаптарын орындау есептілік пайдаланушыларының сол және өзге мәмілелердің, сонымен қатар өзге оқиғалардың немесе жағдайлардың Компания қызметінің қаржылық жағдайына және қаржылық нәтижелеріне әсер ететін ықпалды түсінуі үшін жеткіліксіз болатын жағдайларда қосымша ақпаратты ашу; және
- мұндай жорамал заңсыз болатын жағдайларды қоспағанда, Компания көз жетерлік болашақта өзінің қызметін жалғастырады деген жорамалға сүйене отырып, қаржылық есептілікті дайындау.


Басшылық сондай-ақ мыналар үшін жауапты болады:

- Компанияның тиімді және сенімді ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, енгізу және жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- жеткілікті дәлдік дәрежесімен Компанияның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты кез келген сәтте дайындауға мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп жүйесін қолдау және қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізу;
- Компания активтерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін өз құзыреттілігі шеңберінде шаралар қолдану;
- алаяқтық фактілерін, қателіктерді және өзге де теріс пайдалануларды анықтау және болдырмау.


Басшылық Компанияның көз жетерлік болашақта өз қызметін жалғастырады деп болжайды. Демек, Компанияның қаржылық есептілігі үздіксіз қызмет қағидатына сәйкес дайындалған.

Аталған 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілік Компанияның басшылығымен мақұлданып, 2021 жылғы 12 сәуірде бекітілді.

Компания Басқармасының атынан:


Идрисова Н. И.
Басқарма Төрағасы




Шаухымбердиева Г.А.
Бас бухгалтер

2021 жылғы 12 сәуір
Алматы қ., Қазақстан

«Concord» Тәуелсіз аудиторлық
компаниясы»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестік
Алматы қ. Айманов көшесі, 140, ү. 8 а
Тел.: (727) 225 81 25
Факс: (727) 225 81 35
E-mail: audit@concord.com.kz



Товарищество с ограниченной
ответственностью
«Независимая аудиторская компания
«Concord»
г. Алматы, ул. Айманова, 140, пом. 8а
Тел.: (727) 225 81 25
Факс: (727) 225 81 35
E-mail: audit@concord.com.kz

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБИ

«Мұнай сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамының Басқармасына және Директорлар кеңесіне

Пікір

Біз «Мұнай сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Компания») 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайы туралы есептен, көрсетілген күнде аяқталған жыл үшін пайдалар мен залалдар және өзге жиынтық кіріс туралы есептен, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есептен және ақша қаражатының қозғалысы туралы есептен, сонымен қатар есептік саясаттың негізгі ережелерінің қысқа шолуын қоса алғанда, қаржылық есептілікке ескертпелерден тұратын, қоса берілген қаржылық есептілігінің аудитін жүргіздік.

Біздің пікіріміз бойынша, қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес Компанияның 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнде аяқталған жыл үшін оның қаржылық нәтижелерін және ақша қаражатының қозғалысын барлық аспектілерде сенімді түрде көрсетеді.

Пікірді білдіру үшін негіз

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз тәуелсіз аудиторлар есебінің "Қаржылық есептілік аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі" бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған этиканың халықаралық стандарттары жөніндегі кеңестің "Кәсіби бухгалтерлер этикасының кодексіне" ("БӘХСК кодексі") және Қазақстан Республикасында біздің қаржылық есептілік аудитіне қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес Компанияға қатысты тәуелсіз және біз осы талаптар мен БӘХСК кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті және тиісті деп санаймыз.

Басшылықтың және корпоративтік басқару, қаржылық есептілік үшін жауапты тұлғалардың жауапкершілігі

Басшылық ХҚЕС-ке сәйкес қаржылық есептілік дайындау және сенімді ұсыну үшін және басшылық алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер нәтижесінде жол берілген айтарлықтай бұрмалаушылықтары жоқ қаржы есептілігін дайындау үшін қажетті деп санайтындай ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты болады.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Компанияның қызметті үздіксіз жалғастыру қабілеттігін бағалау, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашу және басшылық Компанияны таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеттенген немесе басшылықтың Компанияны таратудың немесе қызметін тоқтатудың шынайы баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде есептілікті жасау үшін жауапты болады.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Компанияның қаржылық есептілігінің дайындалуын қадағалау үшін жауапты болады.

Аудиторлардың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептіліктің жосықсыз іс-әрекеттердің немесе қателіктердің салдарынан елеулі бұрмалаулары жоқ екеніне саналы сенімділікті алуда және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда болады. Саналы сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесі болып саналады, бірақ елеулі бұрмалаулар болған кезде Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудиттің оларды әрдайым анықтайтынына кепілдік болып табылмайды. Бұрмалаулар жосықсыз іс-әрекеттердің немесе қателіктердің нәтижесі болып табылуы мүмкін, егер жеке алғанда немесе жиынтықта олардың осы қаржылық есептіліктің негізінде қабылданатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер ете алатынын негізді түрде болжау мүмкін болса, олар елеулі болып саналады.

ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдаманы қолданамыз және бүкіл аудиторлық тексеру бойы кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Бұдан басқа, біз келесілерді орындаймыз:

- жосықсыз іс-әрекеттердің немесе қателіктердің салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалау тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлеп, жүргіземіз; біздің пікірімізге негіз болу үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Жосықсыз іс-әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмалауды анықтамау тәуекелі қателік нәтижесінде елеулі бұрмалауды анықтамау тәуекелінен жоғарырақ, себебі жосықсыз іс-әрекеттерге сөз байласу, жалғандық, деректерді әдейі көрсетпеу немесе дұрыс ұсынбау немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өтуді қамтитын іс-әрекеттер кіруі мүмкін;
- мән-жайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында, бірақ Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, аудитпен байланысты ішкі бақылау жүйесінің түсінігін аламыз;
- қолданылатын есептік саясаттың және бағалау мәндері негізділігінің және басшылықпен дайындалған ақпаратты тиісті ашудың сәйкес сипатын бағалаймыз;
- басшылықтың бухгалтерлік есеп негізі ретінде қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды пайдалану заңдылығы туралы тұжырым, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде - нәтижесінде Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілеттілігінде едәуір күмәндар туындауы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздіктердің бар/жоғы туралы тұжырым жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келсек, біз тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебімізде қаржылық есептілікте тиісті ашылатын ақпаратқа назар аударуға тиіспіз, немесе, егер ақпаратты осындай ашу жеткіліксіз болса, біздің пікірімізді өзгертуге тиіспіз. Біздің тұжырымдамаларымыз тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебіміздің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілеттілігінен айырылуына әкеп соқтыруы мүмкін;
- ақпаратты ашуды қоса алғанда, қаржылық есептіліктің жалпы ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалауды, сондай-ақ қаржылық есептілік оның негізіндегі операциялар мен оқиғаларды олар туралы сенімді түсінік берілетіндей ұсынатынын немесе ұсынбайтынын бағалауды жүргіземіз.
- қаржылық есептілік туралы пікірді білдіру үшін Компанияның қаржылық ақпаратына қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз Компания аудитінің жалпы басшылығы, бақылауы және жүргізуі үшін жауаптымыз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін толықтай жауап береміз.

Біз корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғаларға аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы және аудитордың назарын аударған елеулі мәселелер туралы ақпаратты, оның ішінде біз аудит процесінде анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты хабарлап, олармен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

Сондай-ақ біз корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғаларға біздің аудиторлық тәуелсіздікке қатысты барлық қолданылатын этикалық талаптарды сақтайтынымыз туралы мәлімдемені ұсынамыз және оларды аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізді түрде есептеуге болатын барлық басқа мәселелер туралы хабардар қыламыз, ал қалған жағдайларда - қабылданған сақтық шаралар туралы хабардар қыламыз.



Сламбеков А.С.
Аудитор



2020 жылғы 20 ақпандағы № МФ-0001037
Аудитордың біліктілік куәлігі

2021 жылғы 12 сәуір
Алматы қ.



Сламбекова Р.Ж.
«Concord» Тәуелсіз аудиторлық компаниясы»
ЖШС




Бас директоры
Қазақстан Республикасының Қаржы
министрлігімен 2012 жылғы 05 наурызда берілген
сериясы МФЮ-2 №0000084 аудиторлық
қызметпен айналысуға мемлекеттік лицензия

«Мұнай сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы

Қаржылық жағдай туралы есеп
2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша
(мың теңгеде)

	Ескертпелер	2020 жылғы 31 желтоқсан	2019 жылғы 31 желтоқсан
АКТИВТЕР			
Ақша қаражаты мен олардың баламалары	5	1 543 988	1 050 843
Банктердегі қаражат	6	2 661 134	3 468 998
Сату үшін қолда бар қаржылық активтер	7	8 479 904	7 329 867
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек	8	1 572 356	1 357 308
Сақтандыру шарттары бойынша резервтердегі қайта сақтандырушылар үлесі	9	2 693 524	1 897 182
Тарту бойынша кейінге қалдырылған шығыстар	10	1 052 359	1 108 755
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	11	975 523	1 237 914
Пайдалану құқығы түріндегі актив	12	18 685	-
Кейінге қалдырылған салық активтері	20	21 769	-
Ағымдағы салық активі		262 116	273 439
Өзге активтер	13	68 923	177 413
Активтер жиыны		19 350 281	17 901 719
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Сақтандыру шарттары бойынша резервтер	9	9 429 964	8 793 008
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша міндеттемелер	14	2 649 942	2 068 430
РЕПО операциялары бойынша кредиторлық берешек		281 375	-
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	20	-	33 645
Жалдау бойынша міндеттемелер	12	21 158	-
Корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер		-	7 154
Өзге міндеттемелер	15	439 392	162 372
Міндеттемелер жиыны		12 821 831	11 064 609
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	16(a)	1 500 000	1 500 000
Негізгі құралдарды қайта бағалау резерві		266 332	319 651
Сату үшін қолда бар қаржылық активтерді қайта бағалау резерві		599 455	552 071
Тұрақтандырушылық резерв		920	1 022
Бөлінбеген пайда		4 161 743	4 464 366
Меншікті капитал жиыны		6 528 450	6 837 110
Міндеттемелер және меншікті капитал жиыны		19 350 281	17 901 719

Компания Басқармасының атынан:


Идрисова Н. И.
Басқарма Төрағасы

2021 жылғы 12 сәуір
Алматы қ., Қазақстан




Шаухымбердиева Г. А.
Бас бухгалтер

2021 жылғы 12 сәуір
Алматы қ., Қазақстан

13-57 беттердегі ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.



«Мұнай сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы

Пайдалар мен залалдар және өзге жиынтық кіріс туралы есеп
2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
(мың теңгеде)

	Ескертпелер	2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Сақтандыру сыйлықақылары, жалпы сома	17	15 879 163	13 316 255
Қайта сақтандырушыларға табысталған сақтандыру сыйлықақылары	17	(3 220 632)	(1 768 548)
Сақтандыру сыйлықақылары, нетто		12 658 531	11 547 707
Сыйлықақылар бойынша қайтарулар	17	(1 008 447)	(1 187 027)
Еңбекпен табылмаған сыйлықақылар бойынша брутто резервтегі өзгеріс	17	(1 065 471)	(1 281 426)
Еңбекпен табылмаған сыйлықақылар бойынша брутто резервтегі өзгерісте қайта сақтандырушылар үлесі	17	906 090	331 759
Еңбекпен табылған сақтандыру сыйлықақылары, нетто		11 490 703	9 411 013
Наразылықтар, қайта сақтандыруды шегере отырып	17	(3 943 149)	(3 831 416)
Сақтандыру шарттары бойынша залалдар бойынша резервтегі өзгеріс, қайта сақтандыруды шегере отырып	17	318 767	(10 002)
Таза наразылықтар		(3 624 382)	(3 841 418)
Суброгациялар және регрестер	17	113 581	306 800
Тарту бойынша шығыстар	17	(3 209 751)	(2 962 913)
Тарту бойынша кейінге қалдырылған шығыстардағы өзгерістер	17	(56 396)	397 382
Қайта сақтандыру бойынша таза комиссиялық кірістер	17	(51 775)	12 014
Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына төлемдер	17	(16 540)	(30 520)
Сақтандыру қызметінен түскен өзге кірістер	17	7 742	11 825
Сақтандыру қызметінің нәтижелері		4 653 182	3 304 183
Пайыздық кіріс	18(а)	796 578	595 050
Өзге инвестициялық кіріс	18(б)	447 743	115 411
Өзге операциялық (шығыстар)/кірістер		16 303	(9 196)
Әкімшілік шығыстар	19	(4 027 027)	(3 522 577)
Сақтандыру және қайта сақтандыру және өзге активтер бойынша дебиторлық берешек бойынша резервтерді есептеу	8, 13	(130 066)	(151 568)
Салық салуға дейінгі пайда		1 756 713	331 303
Табыс салығы бойынша шығыстар	20	(276 853)	(142 178)
Жыл үшін таза пайда		1 479 860	189 125




«Мұнай сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы

Пайдалар мен залалдар және өзге жиынтық кіріс туралы есеп
2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін (жалғасы)
(мың теңгеде)

	Ескертпелер	2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Өзге жиынтық кіріс			
<i>Кейін пайдалар немесе залалдар құрамына қайта жіктелмейтін баптар:</i>			
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан түскен пайда, кейінге қалдырылған салықты шегере отырып (7 571 мың теңге)		30 284	-
<i>Кейін пайдалар немесе залалдар құрамына қайта жіктелуі мүмкін баптар:</i>			
Салықтарды шегере отырып, пайдалар және залалдар құрамына аударылған, сату үшін қолда бар қаржылық активтердің әділ құнының таза өзгерісі	18	(11 281)	(152 435)
Салықтарды шегере отырып, сату үшін қолда бар қаржылық активтердің әділ құнының таза өзгерісі		58 665	414 811
<i>Кейін пайдалар немесе залалдар құрамына қайта жіктелуі мүмкін баптар жиыны</i>		47 384	262 376
Өзге жиынтық кіріс, пайдаға салынатын салықты шегере отырып		77 668	262 376
Жиынтық кіріс жиыны		1 557 528	451 501

Компания Басқармасының атынан:


Идрисова Н. И.
Басқарма Төрағасы

2021 жылғы 12 сәуір
Алматы қ., Қазақстан




Шаухымбердиева Г.А.
Бас бухгалтер

2021 жылғы 12 сәуір
Алматы қ., Қазақстан

13-57 беттердегі ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.



«Мұнай сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп
(мың теңгеде)

	Ескерт- пелер	Акционерлік капитал	Негізгі құралдарды қайта бағалау резерві	Сату үшін қолда бар қаржылық активтерді қайта бағалау резерві	Тұрақтан- дырушылық резерв	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2018 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық		1 500 000	373 326	289 695	662	5 421 926	7 585 609
Жыл үшін таза пайда		-	-	-	-	189 125	189 125
Өзге жиынтық кіріс		-	-	262 376	-	-	262 376
Жиынтық кіріс жиыны		-	-	262 376	-	189 125	451 501
Бұрын қайта бағаланған негізгі құралдардың тозу және шығу нәтижесінде негізгі құралдарды қайта бағалау резервін есептен шығару		-	(53 675)	-	-	53 675	-
Дивидендтерді төлеу	16(Г)	-	-	-	-	(1 200 000)	(1 200 000)
Өзге қорлар		-	-	-	360	(360)	-
2019 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық		1 500 000	319 651	552 071	1 022	4 464 366	6 837 110
Өткен кезеңдер үшін түзетулер		-	-	-	-	158 812	158 812
2019 жылғы 01 қаңтардағы қалдық (қайта есептеуден кейін)		1 500 000	319 651	552 071	1 022	4 623 178	6 995 922
Жыл үшін таза пайда		-	-	-	-	1 479 860	1 479 860
Өзге жиынтық кіріс		-	30 284	47 384	-	-	77 668
Жиынтық кіріс жиыны		-	30 284	47 384	-	1 479 860	1 557 528
Бұрын қайта бағаланған негізгі құралдардың тозу және шығу нәтижесінде негізгі құралдарды қайта бағалау резервін есептен шығару		-	(83 603)	-	-	83 603	-
Дивидендтерді төлеу	16(Г)	-	-	-	(102)	(2 025 000)	(2 025 000)
Өзге қорлар		-	-	-	-	102	-
2020 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық		1 500 000	266 332	599 455	920	4 161 743	6 528 450

Компания Басқармасының атынан:

Идрисова Н. И.

Басқарма Төрағасы

2021 жылғы 12 сәуір

Алматы қ., Қазақстан

Шаухымбердиева Г. А.

Бас бухгалтер

2021 жылғы 12 сәуір

Алматы қ., Қазақстан

13-57 беттердегі ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.



«Мұнай сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп
2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
(мың теңгеде)

	Ескерт- пелер	2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Операциялық қызметтен ақша қаражатының қозғалысы:			
Салық салуға дейінгі пайда		1 756 713	331 303
<i>Түзетулер:</i>			
Тозу және амортизация	11, 12	145 839	139 699
Сақтандыру шарттары бойынша резервтердің өзгерісі	17	(159 386)	959 666
Сақтандыру және қайта сақтандыру және өзге активтер бойынша дебиторлық берешек бойынша резервтерді есептеу	8, 13	130 066	(151 568)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің кетуінен түскен залал/(пайда)		1 101	144 964
Бағамдық айырмадан түскен өткізілмеген пайда	18(б)	(440 600)	37 024
Есептелген пайыздардағы өзгеріс, нетто		(803 721)	(105 439)
Өзге түзетулер		8 794	
Ақша қаражаты (пайдаланылған)/операциялық қызметтен бастап операциялық активтердің және міндеттемелердің өзгерісіне дейін		638 806	1 355 649
Операциялық активтердің (көбеюі)/азаюы			
Тарту бойынша кейінге қалдырылған шығыстар		56 396	(397 382)
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек		(206 144)	(575 296)
Өзге активтер		(21 047)	174 130
Операциялық міндеттемелердің көбеюі/(азаюы)		-	
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша міндеттемелер		497 655	1 270 226
РЕПО операциялары бойынша кредиторлық берешек		276 072	
Өзге міндеттемелер		278 791	(106 615)
Таза ақша қаражаты (пайдаланылған)/операциялық қызметтен бастап салық салуға дейін		1 520 529	1 720 712
Төленген табыс салығы		(176 859)	(430 594)
Алынған пайыздар		707 941	
Таза ақша қаражаты (пайдаланылған)/операциялық қызметтен		2 051 611	1 290 118
Инвестициялық қызметтен ақша қаражатының қозғалысы:			
Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді сатып алу	11	(51 414)	(19 003)
Негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің кетуінен түскен түсімдер		212 302	-
Банктерде орналастырылған қаражат		878 004	(3 349 435)
Сату үшін қолда бар қаржылық активтердің кетуінен түскен түсімдер		1 606 035	6 315 920
Сату үшін қолда бар қаржылық активтерді сатып алу		(2 175 917)	(3 648 820)
Инвестициялық қызметтен түскен/инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты		469 010	(701 338)



«Мұнай сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп
2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін (жалғасы)
(мың теңгеде)

	Ескерт- пелер	2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Қаржылық қызметтен ақша қаражатының қозғалысы:			
Жалдау бойынша міндеттемелерді өтеу	12	(13 901)	-
Дивидендтерді төлеу	16(г)	(2 025 000)	(1 200 000)
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты		(2 038 901)	(1 200 000)
<i>Ақша қаражаты мен олардың баламаларына шетелдік валюталар бағамы өзгерістерінің әсер етуі</i>		11 425	2 181
Ақша қаражаты мен олардың баламаларының таза көбеюі		493 145	(609 039)
Ақша қаражаты мен олардың баламалары, жылдың басында	5	1 050 843	1 659 882
Ақша қаражаты мен олардың баламалары, жылдың соңында	5	1 543 988	1 050 843

Компания Басқармасының атынан:


Идрисова Н. И.
Басқарма Төрағасы

2021 жылғы 12 сәуір
Алматы қ., Қазақстан




Шаухымбердиева Г.А.
Бас бухгалтер

2021 жылғы 12 сәуір
Алматы қ., Қазақстан

13-57 беттердегі ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.



«Мұнай сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер
(мың теңгеде)

Жорамалдарды, есептік бағалауларды және кәсіби пайымдамаларды пайдалану

Қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес дайындау Компанияның басшылығынан есептілікте келтірілген Компанияның активтері мен міндеттемелерінің сомаларын және есептілікте келтірілген есепті кезең үшін кірістер мен шығыстардың сомаларына әсер ететін бағалаулар мен жорамалдарды әзірлеуді талап етеді, сондықтан нақты нәтижелер аталған бағалаулардан ерекшеленуі мүмкін. Нақты нәтижелермен айырмасы ең ықтималды бағалаулар залалдар резервтерімен және сақтандыру талаптарын реттеуге арналған залалдармен, қаржылық құралдардың әділ құнын анықтаумен және қаржылық құралдардың әділ құнын және жер мен ғимараттардың қайта бағаланған құнын анықтаумен байланысты.

Жорамалдар және олардың негізінде жасалған есептік бағалаулар оларды өзгерту қажеттілігі жөнінде үнемі талданады. Есептік бағалаулардағы өзгерістер осы бағалаулар қайта қарастырылған есепті кезеңде және көрсетілген өзгерістермен қозғалған барлық кейінгі кезеңдерде танылады.

Есептік бағалаулар белгісіздігінің ең маңызды жағдайлары және есепті саясаттың ережелерін қолдану процесінде маңызды пайымдамалар туралы ақпарат келесі ескертпелерде ұсынылады:

- 9-ескертпе - Сақтандыру шарттары бойынша резервтер;
- 11-ескертпе - Ғимараттарды қайта бағалау.

Төменде сипатталған есепті саясаттың ережелері осы қаржылық есептілікте берілген барлық есепті кезеңдерде бірізді қолданылды.

Шетелдік валютадағы операциялар

Шетелдік валюталардағы операциялар Компаниямен бастапқыда олардың функционалдық валютада және операция тану критерийлеріне сай келетін күнге әрекет ететін спот-бағам бойынша есепке алынады. Шетелдік валютадағы монетарлық активтер мен міндеттемелер Қазақстандық Қор Биржасымен (бұдан әрі мәтін бойынша - "ҚҚБ") белгіленген және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен (бұдан әрі мәтін бойынша - "ҚРҰБ") жарияланған, есепті күнде әрекет ететін ресми бағамы бойынша есептеледі. Барлық айырмалар пайдалар мен залалдар құрамында көрсетіледі.

Шетелдік валютада тарихи құны негізінде бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелерді жасасу күнінде әрекет еткен бағамдар бойынша қайта есептеледі. Шетелдік валютада әділ құны бойынша бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құнын анықтау күнінде әрекет еткен бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша бағаланатын монетарлық емес баптарды қайта есептеу кезінде туындайтын пайда немесе залал баптың әділ құнының өзгерісінен пайда немесе залалды тану қағидаттарына сәйкес есепке алынады.

31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық есептілікті дайындау кезінде Компания келесі айырбастау бағамдарын пайдаланды:

Валюта	2020 жыл	2019 жыл
АҚШ доллары	420,91	382,59
ЕУРО	516,79	429,00
Ресей рублі	5,62	6,16

Сақтандыру шарттары

Шарттардың жіктемесі

Компания сақтанушыға немесе басқа бенефициарийге өтемақыны төлеуге келісіп, олар бойынша басқа тараптың (бұдан әрі - "сақтанушы") елеулі сақтандыру тәуекелін өз мойнына алатын шарттар, егер белгілі бір ықтималды болашақ оқиға (бұдан әрі - "сақтандыру жағдайы") сақтанушыға немесе бенефициарийге теріс әсер ететін жағдайда сақтандыру шарттары ретінде жіктеледі. Сақтандыру тәуекелі - бұл қаржылық тәуекелден ерекшеленетін тәуекел. Қаржылық тәуекел - бұл қаржылық емес ауыспалы шамалар болған кезде, осындай ауыспалы шамалардың шарттың тараптары үшін



«Мұнай сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер
(мың теңгеде)

өзіне тән болып табылмайтын жағдайда, сыйлықақының бір немесе бірнеше белгілі бір мөлшерлемесінің, бағалы қағаздар құнының, тауарға бағалардың, валюталық бағамның, бағалар немесе мөлшерлемелер индексінің, кредиттік рейтингтің немесе кредиттік индекстің немесе өзге де ауыспалы шамалардың болашақта ықтималды өзгеру тәуекелі. Сақтандыру шарттары бойынша да белгілі бір қаржылық тәуекел берілуі мүмкін.

Сақтандыру тәуекелі сақтандыру жағдайы Компанияға елеулі қосымша төлемдерді жүзеге асыруға міндеттеген кезде және тек қана сол кезде елеулі болып табылады. Шарт сақтандыру шарты ретінде жіктелген соң, барлық құқықтар мен міндеттемелер аяқталғанша немесе орындалғанша, ол осындай болып қалады. Оларға сәйкес сақтанушыдан Компанияға сақтандыру тәуекелінің ауысуы шамалы болып табылатын сақтандыру шарттары қаржылық құралдар ретінде жіктеледі.

Сақтандыру шарттарын тану және бағалау

Сыйлықақылар

Есептелген сақтандыру шарттарына, брутто құрамына, олардың кейінгі есептік кезеңге тұтас немесе ішінара қатысы бар/жоғына қарамастан, ағымдағы жылы күшіне енетін сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары кіреді. Сыйлықақылар делдалдардың, сақтандыру сыйлықақылары бойынша салықтардың, баждардың және ұқсас міндетті алымдардың комиссиясы бар жалпы сомамен берілген. Алынған сыйлықақылардың еңбекпен табылған бөлігі кіріс ретінде танылады. Сыйлықақылар сақтандырылатын тәуекелдің құрылымы негізінде сақтандыру кезеңі бойы сақтандыру өтелімі басталған күннен бастап еңбекпен табылған болып танылады.

Сақтандыру шарттарын бұзу

Егер сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын төлей алмайтыны туралы объективті дәлел бар болса, сақтандыру шарттары бұзылады. Демек, бұзулар негізінен оларға сәйкес сақтандыру сыйлықақысы сақтандыру шартының бүкіл әрекет ету мерзімі ішінде бөліп төленетін сақтандыру шарттарына әсер етеді. Бұзулар қаржылық есептілікте сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасынан бөлек көрсетіледі.

Еңбекпен табылмаған сыйлықақылар бойынша резерв

Еңбекпен табылмаған сыйлықақылар бойынша резерв, жорамал бойынша, келесі немесе одан кейінгі есепті кезеңдерде еңбекпен табылған, қабылданған сыйлықақылардың бөлігі болып саналады, күн сайынғы пропорционалды әдісті пайдаланумен, қажет болған жағдайда, шарт қамтитын кезең ішінде тәуекел жиілігінің кез келген өзгерісін көрсету үшін, түзетулерді енгізумен, сақтандырудың әрбір шарты үшін бөлек есептеледі.

Наразылықтар

Наразылықтар, төленбеген наразылықтар бойынша резервтегі өзгерістерді қоса алғанда, қаржылық жыл ішінде есептелген наразылықтардан және наразылықтарды реттеу бойынша шығыстардан тұрады.

Төленбеген наразылықтар есепті күнде мәлімделген, бірақ төленбеген барлық наразылықтарды, танылғанына немесе танылмағанына қарамастан, оларды соңғы реттеу бойынша бағалау шығыстары, сонымен қатар наразылықтарды реттеу бойынша байланыстырылған ішкі және сыртқы шығындар шегінде Компаниямен жасалған резервтерден тұрады. Төленбеген наразылықтар наразылықтарды реттеу бойынша ресімдердегі өзгеріс, заңнамадағы өзгерістер, бұрынғы тәжірибе және үрдістер сияқты ішкі және сыртқы болжамдалатын факторлардың әсер етуін назарға алып, жеке наразылықтарды бағалау және резервтерді жасау есебінен қалыптастырылады. Төленбеген наразылықтар бойынша резервтер дисконтталмайды.

Басшылық наразылықтар бойынша брутто резервтер және қайта сақтандыру есебінен байланыстырылған өтемақылар қазіргі таңда қолда бар ақпараттың негізінде әділ көрсетілген деп есептесе де, соңғы міндеттеме кейінгі ақпараттың пайда болу және оқиғалардың туындауы нәтижесінде өзгеретін болады, және де жасалған резервтердің елеулі түзетулеріне әкеп соқтыруы



«Мұнай сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер
(мың теңгеде)

мүмкін. Өткен кезеңде қалыптастырылған наразылықтар бойынша резервтердің сомалары бойынша түзетулер қаржылық есептілікте осындай түзетулер жүргізілген сол бір кезеңде көрсетіледі және егер де елеулі болса, бөлек ашылады. Пайдаланылған әдістер және жүргізілген бағалаулар тұрақты негізде қаралады.

Қайта сақтандыру

Компания тәуекелдерді әртараптандыру жолымен өзінің таза әлеуетті залалды шектеу мақсатында әдеттегі қызмет барысында қайта сақтандыруды жүргізеді. Табысталған қайта сақтандыру шарттарына байланысты туындайтын активтер, міндеттемелер, сондай-ақ кірістер мен шығыстар тиісті сақтандыру шарттары бойынша тиісті активтерден, міндеттемелерден, кірістер мен шығыстардан бөлек көрсетіледі, өйткені қайта сақтандыру туралы уағдаластықтар Компанияны сақтанушылардың алдындағы оның тікелей міндеттемелерінен босатпайды.

Елеулі сақтандыру тәуекелін табыстауға әкелетін шарттар бойынша құқықтар ғана қайта сақтандыру бойынша активтер ретінде есепке алынады. Елеулі сақтандыру тәуекелін табыстауға әкелмейтін шарттар бойынша құқықтар қаржылық құралдар ретінде есепке алынады.

Табысталған қайта сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандыру бойынша сыйлықақылар осындай тәсілдеме тиісті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларын тану негізімен келісілетін негізде шығыс ретінде танылады. Жалпы сақтандыру кезінде қайта сақтандыру бойынша сыйлықақылар қайта сақтандырылған тәуекелдердің күтілетін құрылымы негізінде қайта сақтандыру өтелімі ұсынылған сол бір кезеңде шығыстарға жатқызылады. Қайта сақтандыру бойынша табысталған сыйлықақылардың шығыстарға жатқызылмаған бөлігі қайта сақтандыру бойынша активтердің құрамына енгізіледі.

Қайта сақтандырушыға шарттың әрекет етуі басталғанда төленген таза сомалар Компаниямен осындай шарттар бойынша өз құқықтарына қатысты танылған қайта сақтандыру бойынша активтерден кем болуы мүмкін.

Қайта сақтандыру бойынша активтер ретінде танылған сомалар олардың бағалауы қайта сақтандырудың тиісті шарттарына қатысты жасалған резервтердің бағалауына сәйкес келетініне сүйене отырып бағаланады.


Қайта сақтандыру бойынша активтерге төленген сақтандыру наразылықтарына қатысты қайта сақтандыру компанияларынан тиесілі өтеу сомалары кіреді. Ол қарыздар және дебиторлық берешек ретінде жіктеледі және қаржылық жағдай туралы есепте сақтандыру шарттары бойынша дебиторлық берешектің және өзге дебиторлық берешектің құрамына кіреді.

Қайта сақтандыру бойынша активтер әрбір есепті күнге құнсыздануға қатысты бағаланады. Егер Компания оған тиесілі барлық сомаларды ала алмайды және де оқиға Компания қайта сақтандырушыдан алатын сомаларға сенімді бағалануы мүмкін әсер ете алады деген елеулі объективті дәлелдеме бар болса, актив құнсызданған болып саналады.

Тарту бойынша кейінге қалдырылған шығыстар

Жалпы сақтандыру бойынша жаңа шарттарды сатып алуға кеткен шығыстардың мерзімі болашақ маржа есебінен қалпына келтірілуі мүмкін дәрежеде ұзартылады. Тарту бойынша шығыстарға сақтандыру агентімен немесе брокерлермен төленген комиссиялық сыйлықақы және ұсыныстарды қараумен және сақтандыру полистерін шығарумен байланысты әкімшілік шығыстар сияқты жанама шығындар кіреді.

Тарту бойынша кейінге қалдырылған шығыстар тиісті сыйлықақылар еңбекпен табылған кезеңде амортизацияланады. Амортизацияның нормасы осындай маржаның туындау құрылымына сәйкес келеді.



«Мұнай сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер
(мың теңгеде)

Міндеттемелердің барабарлығын тексеру

Сатып алуға кейінге қалдырылған шығыстарды және бизнесті біріктіру бойынша мәміле нәтижесінде сатып алынған немесе портфельді табыстау нәтижесінде барабар болып табылатын, кез келген тиісті материалдық емес активтерді шегере отырып, сақтандыру шарттары бойынша резервтердің жеткілікті болып табылатынын анықтау мақсатында әрбір есепті күнге міндеттемелердің барабарлығына тестілер жүргізеді. Шарттар бойынша барлық болашақ ақшалай ағындардың және наразылықтарды реттеуге шығыстар сияқты тиісті шығыстардың ағымдағы ең үздік бағалаулары және сақтандыру шарттары бойынша резервтердің қамтамасыз етуі ретінде қолданылатын активтерден инвестициялық кіріс аталған тестілерді жүргізу кезінде пайдаланылады.

Сақтандыру шарттары бойынша дебиторлық және кредиторлық берешек

Сақтанушылардың төлеуіне тиесілі және сақтанушылардан, агенттерден және қайта сақтандырушыдан алуға күтілетін сомалар қаржылық құралдар болып табылады және сақтандыру шарттары бойынша резервтің немесе қайта сақтандыру бойынша активтердің құрамына емес, сақтандыру шарттары бойынша дебиторлық және кредиторлық берешектердің құрамына кіреді.

Негізгі құралдар

Меншікті активтер

Негізгі құралдардың объектілері, төменде көрсетілгендей, қайта бағаланған құны бойынша көрсетілетін ғимараттарды қоспағанда, жинақталған амортизацияны және құнсызданудан болған шығындарды шегере отырып, нақты шығындар бойынша қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Негізгі құралдардың объектісі пайдалы пайдаланудың әртүрлі мерзімі бар бірнеше құраушыдан тұрған жағдайда, мұндай құраушылар негізгі құралдардың жеке объектілері ретінде көрсетіледі.

Негізгі құралдардың объектісінің кетуінен түскен пайдалар немесе залалдар пайдалар мен залалдар және өзге жиынтық кіріс туралы есепте «өзге шығыстар» жолы бойынша нетто-шамада танылады. Қайта бағаланатын активтерді сату кезінде, қайта бағалау бойынша резервте көрсетілген сомалар бөлінбеген пайданың құрамына аударылады.

Кейінгі шығындар

Негізгі құралдар объектісінің жеке есептелетін құраушысын ауыстырумен байланысты шығындар есептен шығарылатын құраушының баланстық құнының құрамында капиталдандырылады. Өзге кейінгі шығындар негізгі құралдардың көрсетілген бөлігімен байланысты болашақ экономикалық пайдаларды кебейткен жағдайларда ғана капиталданады. Барлық өзге шығыстар олар туындаған сәттегі пайдалар мен залалдар және өзге жиынтық кіріс туралы есепте танылады.

Ғимараттар мен жерді қайта бағалау

Ғимараттар және жер тұрақты негізде қайта бағалауға жатады. Қайта бағалау кезеңділігі қайта бағалауға жататын ғимараттардың әділ құнының өзгерістеріне байланысты. Пайда немесе залал құрамында көрсетілген, аталған объектілердің құнын қайта бағалау нәтижесінде өткен азаюды өтеу болған жағдайларды қоспағанда, «Жер телімдері және ғимараттар» санатына жататын ғимараттар мен жердің құнын қайта бағалау нәтижесінде көбею өзге жиынтық кіріс құрамында көрсетіледі. Бұл жағдайда қайта бағалау нәтижесі пайда немесе залал құрамында көрсетіледі. Капиталдың құрамында өзге жиынтық кіріс ретінде көрсетілген, аталған объектілердің құнын қайта бағалау нәтижесінде бұрынғы кебеюдің есептен шығарылуы болған жағдайларды қоспағанда, «Жер телімдері және ғимараттар» санатына жататын ғимараттар мен жердің құнын қайта бағалау нәтижесінде азаю пайда немесе залал құрамында көрсетіледі. Бұл жағдайда қайта бағалау нәтижесі өзге жиынтық кіріс құрамында көрсетіледі.

Амортизация

Негізгі құралдар объектісінің әрбір елеулі құраушысы оның пайдалы пайдаланудың күтілетін мерзімі бойы сызықтық әдіспен амортизацияланады және амортизациялық аударымдар пайдалар немесе



«Мұнай сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер
(мың теңгеде)

залалдар құрамына кіреді. Амортизация объектіні сатып алу күнінен басталады. Жер телімдері амортизацияланбайды.

Пайдалы пайдаланудың күтілетін мерзімдері мынадай болды:

Ғимараттар	50 жыл
Компьютерлер және жабдықтар	5-10 жыл
Көлік құралдары	5 жыл
Өзге	6,6 жыл

Материалдық емес активтер

Компаниямен сатып алынған материалдық емес активтер амортизацияның және құнсызданудан болған залалдың жинақталған сомаларын шегере отырып, нақты құны бойынша көрсетіледі.

Бағдарламалық жасақтаманы пайдалануға сатып алынған лицензиялар тиісті бағдарламалық жасақтаманы сатып алу және жеткізу мақсатында келтірілген шығыстардың сомасына капиталдандырылады.

Амортизация материалдық емес активтерді пайдалы пайдаланудың күтілетін мерзімі бойы сызықтық әдіс негізінде пайда мен залал және өзге жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі. Пайдалы пайдаланудың күтілетін мерзімі 6 жылды құрайды.

Жалгерлік

Компания 2019 жылғы 01 қаңтардан бастап түрлендірілген ретроспективті әдісті пайдалана отырып, ХҚЕС (IFRS) 16 стандартын қолданды. Осы әдіске сәйкес стандарт бастапқы қолдану күнінде стандартты бастапқы қолданудың жиынтық әсерін мойындай отырып, ретроспективті түрде қолданылады. Компания жалдаудың басталу күнінде жалдау мерзімі 12 айдан аспайтын және сатып алуға арналған опционды (қысқа мерзімді жалдау) қамтымайтын жалдау шарттары үшін, сондай-ақ базалық активінің құны төмен жалдау (құны төмен активтерді жалдау) шарттары үшін танудан босатуды пайдалануға шешім қабылдады.

ХҚЕС (IFRS) 16 стандартын қабылдаудың әсер ету сипаты

Компанияның кеңселік орынжайлар мен көлік құралдарын жалға алу шарттары бар. ХҚЕС (IFRS) 16 стандартын қолданғанға дейін Компания жалдау шарттарын жалдау басталған күнде операциялық жалдау ретінде жіктеді. Барлық жалдау төлемдері жалдау мерзімі ішінде пайда немесе залал құрамында жалдау шығындары ретінде танылды.

ХҚЕС (IFRS) 16 стандартын қолдану нәтижесінде Компания қысқа мерзімді жалдау мен төмен құны бар активтерді жалдаудан басқа барлық жалдау шарттарын тану мен бағалаудың бірыңғай тәсілін қолдана бастады.

Компания, қысқа мерзімді жалдау және төмен құны бар активтерді жалдауды қоспағанда, бұрын операциялық жалдау ретінде жіктелген жалдау шарттары бойынша пайдалану құқығы мен жалдау міндеттемелері түрінде активтерді мойындады. Пайдалану құқығы түріндегі активтерді Компания жалдау міндеттемелеріне тең мөлшерде мойындады. Жалдау бойынша міндеттемелер бастапқы қолдану күнінде қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдалана отырып дисконтталған жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша танылды.

Компания сонымен қатар практикалық сипаттағы қолжетімді жеңілдетулерді қолданды, нәтижесінде ол:

- алғашқы қолдану күніне дейін жалдау шартының ауыр сипатын талдауға сүйенді;
- егер шартта өткен кезеңдердің тәжірибесіне сүйене отырып, жалдауды ұзарту немесе тоқтату опциясы қарастырылған болса, жалдау мерзімін анықтады.

Төменде бастапқы қолдану күнінен бастап пайдаланылған ХҚЕС (IFRS) 16 стандартының қабылдануы нәтижесінде Компанияның жаңа есеп саясатының



«Мұнай сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер
(мың теңгеде)

негізгі ережелері келтірілген.

Пайдалану құқығы түріндегі актив

Компания активтерді жалдау басталған күні пайдалану құқығы нысанында таниды (яғни, базалық актив пайдалану үшін қолжетімді болатын күні). Пайдалану құқығы нысанындағы активтер жалдау бойынша міндеттемелерді қайта бағалауға түзетіле отырып, жинақталған амортизация мен құнсызданудан болған шығындар шегеріле отырып, бастапқы құны бойынша бағаланады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтердің бастапқы құны жалдау бойынша танылған міндеттемелердің шамасын, жалдау бойынша алынған ынталандыру төлемдерін шегере отырып, жалдаудың басталу күнінде немесе осындай күнге дейін жүргізілген бастапқы тікелей шығындарды және жалдау төлемдерін қамтиды. Егер Компания жалдау мерзімінің соңында жалға алынған активке меншік құқығын алатынына жеткілікті сенімді болмаса, пайдалану құқығы түріндегі танылған актив келесі кезеңдердің қысқа мерзіміне сызықтық әдіспен амортизацияланады: активтің пайдалы қызмет мерзімі немесе жалдау мерзімі. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер құнсыздану мәніне тексеріледі.

Жалдау бойынша міндеттемелер

Жалдау басталған күні Компания жалдау мерзімі ішінде жүзеге асырылатын жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағаланатын жалдау бойынша міндеттемелерді таниды. Жалдау төлемдеріне жалдау бойынша кез-келген ынталандыру төлемдерін алып тастағандағы тіркелген төлемдер, индекске немесе мөлшерлемеге байланысты ауыспалы жалдау төлемдері және тарату құнының кепілдіктері бойынша төленуі күтілетін сомалар кіреді. Жалдау төлемдеріне, егер Компанияның осы опционды орындайтынына жеткілікті сенім болса, сатып алу опционының орындалу бағасы және егер жалдау мерзімі Компанияның опционды тоқтатуды ықтимал орындауын көрсетсе, жалдауды тоқтату үшін айыппұл төлеу кіреді.

Индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді емес ауыспалы жалдау төлемдері осындай төлемдерді жүзеге асыруға әкелетін оқиға немесе шарт басталатын кезеңде шығыстар ретінде танылады.

Жалдау төлемдерінің келтірілген құнын есептеу үшін, егер жалдау шартына енгізілген пайыздық мөлшерлемені оңай анықтау мүмкін болмаса, Компания жалдау басталған күнге қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдаланады. Бастапқы танылғаннан кейін жалдау бойынша міндеттемелер пайыздардың есептелуін көрсету үшін ұлғайтылады және жүзеге асырылған жалдау төлемдерін көрсету үшін азайтылады. Бұдан басқа, шартты түрлендірген, жалдау мерзімі өзгерген, тіркелген жалдау төлемдерінің мәні бойынша өзгерген немесе базалық активті сатып алуға опционды бағалау өзгерген жағдайда жалдау бойынша міндеттемелердің баланстық құнын қайта бағалау жүргізіледі.

Төмен құны бар активтерді жалдау және бір жылдан аз мерзімге жалдау

Компания төмен құны бар активтерді жалға алуға және бір жылдан аз мерзімге жалға алуға қатысты танудан босатуды қолданады. Төмен құны бар активтерді жалдау және бір жылдан аз мерзімге жалдау бойынша жалдау төлемдері жалдау мерзімі ішіндегі шығыстарға біркелкі есептен шығарылады.

Ұзарту опционы бар шарттарда жалдау мерзімін айқындау кезінде елеулі пайымдау

Компания жалдау мерзімін, егер оның орындалатынына жеткілікті сенімділік болса, жалдауды ұзартуға арналған опцион көзделген кезеңдермен немесе егер оның орындалмайтынына жеткілікті сенімділік болса, жалдауды тоқтатуға арналған опцион көзделген кезеңдермен бірге мерзімінен бұрын тоқтатылуға жатпайтын жалдау кезеңі ретінде айқындайды. Компания ұзарту опционын орындайтынына жеткілікті сенімділіктің болуын анықтау үшін пайымдауды қолданады. Сонымен қатар, ол жалдауды ұзарту үшін опционды орындау үшін экономикалық ынталандырудың пайда болуына әкелетін барлық тиісті факторларды ескереді. Жалдау басталған күннен кейін Компания жалдау мерзімін Компанияның бақылауында болатын және оның жалдау мерзімін ұзартуға арналған опционды (мысалы, бизнес-стратегияны өзгерту) орындау (немесе орындамау) қабілетіне



«Мұнай сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер
(мың теңгеде)

әсер ететін елеулі оқиға немесе мән-жайлар өзгерген кезде қайта бағалайды.

Қаржылық құралдар

Жіктеме

Өзгерістері кезең үшін пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық құралдар:

- бірлесіп басқарылатын және олар бойынша қысқа мерзімді перспективада пайданы алудың дәлелі жақында өткен шақта бар сәйкестендірілетін қаржылық құралдар портфелінің бөлігі болып табылатын;
- туынды болып табылатын (хеджирлеу құралдары ретінде жасалған және нақты пайдаланылатын туынды қаржылық құралдарды қоспағанда); немесе
- бастапқы тану сәтінде Компаниямен оның өзгерістері кезең үшін пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатындар санатына айқындалған болып табылатын қаржылық активтер мен міндеттемелер болып саналады.

Егер де келесі талаптарының біреуі орындалса, Компания қаржылық активтерді және міндеттемелерді өзгерістері кезең үшін пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатындар санатына айқындайды:

- активтерді немесе міндеттемелерді басқару және оларды бағалау әділ құны бойынша жүзеге асырылады;
- мұндай тәсілдеме бухгалтерлік есептегі сәйкессіздіктің әсерін толықтай немесе айтарлықтай жояды, әйтпесе ол болмайтын еді; немесе
- актив немесе міндеттеме ақша қаражатының ағындарын айтарлықтай өзгертетін кіріктірілген туынды қаржылық құралды қамтиды, әйтпесе ол өзгерістері пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша негізгі шарттан бөлек есепке алынатын еді.

Сауда үшін арналған, оң әділ құны бар барлық туынды қаржылық құралдар, сонымен қатар сатып алынған опциондық келісімшарттар қаржылық есептілікте активтер ретінде көрсетілген. Сауда үшін арналған, теріс әділ құны бар барлық туынды қаржылық құралдар, сонымен қатар шығарылған опциондық келісімшарттар қаржылық есептілікте міндеттемелер ретінде көрсетілген.

Басшылық қаржылық құралды бастапқы тану сәтінде, оны жатқызуға тисті санатты айқындайды. Бастапқы тану сәтінде өзгерістері кезең үшін пайдалар немесе залалдар құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша бағаланатындар санатына жатқызылған туынды қаржылық құралдар және қаржылық құралдар өзгерістері кезең үшін пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық құралдар санатынан қайта жіктелмейді. Егер қаржылық активтер кредиттердің және дебиторлық берешектің анықтамасына сай келетін болса, олар өзгерістері кезең үшін пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық құралдардың санатынан немесе егер компания аталған активтерді көз жетерлік болашақта немесе оларды өтеу мерзімі басталғанға дейін ұстауға ниеті мен мүмкіндігі бар болса, сату үшін қолда бар активтердің санатынан қайта жіктелуі мүмкін. Өзге қаржылық құралдар тек қана сирек жағдайларда, өзгерістері кезең үшін пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық құралдардың санатынан қайта жіктелуі мүмкін. Сирек жағдайлар жуық арада қайталануы ықтималдығы аз болатын әдеттен тыс бірлі-жарым оқиғалар болып табылады.



«Мұнай сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер
(мың теңгеде)

Кредиттер және дебиторлық берешек

Белсенді жұмыс істейтін нарықта бағасы белгіленетін, тиянақталған немесе белгілі төлемдер бар туынды емес қаржылық активтер болып саналады, мыналарды қоспағанда:

- Компания ең жақын болашақта дереу сатуға ниеттенетін;
- бастапқы тану сәтінде Компаниямен өзгерістері кезең үшін пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын санатқа айқындалатын; немесе
- немесе бастапқы тану сәтінде Компания сату үшін қолда бар санатқа айқындалатын, немесе
- олар бойынша Компания кредитті құнсызданудан ерекшеленетін себептер бойынша барлық бастапқыда жүзеге асырылған инвестицияларды өтей алмайтын.

Сату үшін қолда бар қаржылық активтер

Сату үшін қолда бар санатқа анықталатын немесе кредиттерді және дебиторлық берешекті, өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестициялар немесе өзгерістері кезең үшін пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық құралдар анықтамасына жатпайтын сол бір қаржылық активтер болып саналады.

Тану

Қаржылық активтер және міндеттемелер Компания көрсетілген қаржылық құралдар оның мәні болып табылатын шарттық қарым-қатынастарға кірген кезде, қаржылық жағдай туралы есепте көрсетіледі. Қаржылық активтерді стандартты сатып алудың барлық жағдайлары есептеулерді жүзеге асыру күніне көрсетіледі.

Қаржылық актив немесе міндеттеме бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады, сонымен қатар өзгерістері кезең үшін пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржылық актив немесе міндеттеме болған жағдайда, қаржылық активті немесе міндеттемені сатып алуға немесе шығаруға тікелей жатқызылатын мәмілелер бойынша шығындар бағаланады.

Активтер болып табылатын туынды қаржылық құралдарды қоса алғанда, қаржылық активтер, бастапқы танудан кейін сату немесе өзге кетулер нәтижесінде келтірілуі мүмкін мәмілелер бойынша қандай да болсын шығындарды шегерусіз, олардың әділ құны бойынша бағаланады, мыналарды қоспағанда:

- тиімді сыйлықақы мөлшерлемесі әдісін пайдаланумен амортизацияланған құны бойынша бағаланатын кредиттер және дебиторлық берешек;
- белсенді жұмыс істейтін нарықта нарықтық баға белгілеулер жоқ және әділ құнын сенімділіктің жоғары дәрежесімен анықтауға болмайтын үлестік құралдарға инвестициялар. Ұқсас құралдар қаржылық есептілікте нақты шығындар бойынша көрсетіледі.

Өзгерістері кезең үшін пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелерді және әділ құны бойынша көрсетілген қаржылық активті аудару тануды тоқтату критерийлеріне сай келмеген кезде туындайтын қаржылық міндеттемелерді қоспағанда, барлық қаржылық міндеттемелер амортизацияланған құны бойынша бағаланады.

Амортизацияланған құн

Тиімді сыйлықақы мөлшерлемесі әдісін пайдаланумен анықталған, өтеу сәтіндегі құны және бастапқы танылған құны арасындағы айырманың жинақталған амортизациясының шамасына түзетілген берешектің негізгі сомасының төлемдерін шегере отырып, сонымен қатар құнсызданудан болған шығынды шегере отырып, қаржылық активтің немесе міндеттеменің амортизацияланған құны ол бойынша қаржылық актив немесе міндеттеме бастапқы тану сәтінде бағаланатын құн болып табылады. Сыйлықақылар мен дисконттар шамасы, сонымен қатар мәмілелер бойынша



«Мұнай сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер
(мың теңгеде)

шығындар сомасы тиісті құралдың баланстық құнына кіреді және аталған құралды тиімді сыйлықақы мөлшерлемесіне сүйене отырып амортизацияланады.

Әділ құны бойынша бағалау қағидаты

Әділ құны негізгі нарықта бағалау күніне нарық қатысушылары арасында әдеттегі мәміле жағдайларында немесе ол болмаған жағдайда, көрсетілген күнге Компанияның қолжетімділігі бар ең тиімді нарықта, активті сату кезінде алынуы немесе міндеттемені табыстау кезінде төленуі мүмкін болатын баға болып саналады. Міндеттеменің әділ құны оны орындамау тәуекелін көрсетеді.

Мүмкіндік болғанша, Компания құралдың әділ құнын белсенді нарықтағы аталған құралдың баға белгіленімдерін пайдалана отырып бағалайды. Баға белгіленімдері оңай қолжетімді болған және нарықтың тәуелсіз қатысушылары арасында нақты және тұрақты мәмілелерді көрсеткен жағдайда, нарық белсенді болып танылады.

Белсенді нарықта ағымдағы баға белгіленімдер болмаған кезде Компания бақыланатын бастапқы деректерді барынша көп пайдаланатын және бақыланбайтын бастапқы деректерді барынша аз пайдаланатын бағалау әдістерін пайдаланады. Таңдалған бағалау әдістеріне аталған жағдайларда нарық қатысушыларымен назарға алынуы мүмкін барлық факторлар кіреді.

Бастапқы тану кезінде қаржылық құралдың әділ құнының үздік дәлелі әдетте мәміленің бағасы, яғни, төленген немесе алынған өтеудің әділ құны болып табылады. Егер Компания бастапқы тану кезінде әділ құны мәміленің бағасынан ерекшеленетінін, және әділ құны ұқсас актив немесе міндеттеме үшін белсенді нарықта ағымдағы баға белгіленімдері расталмағанын және бақыланатын бастапқы деректерді ғана пайдаланатын бағалау әдістеріне негізделмейтінін анықтаса, қаржылық құрал бастапқыда бастапқы тану кезінде әділ құны және мәміленің бағасы арасындағы айырманың мерзімін ұзарту үшін түзетілген әділ құны ойынша бағаланады. Бастапқы танудан кейін айырма құралдың бүкіл тіршілік ету мерзімі бойы, бірақ бағалау бақыланатын бастапқы деректермен толықтай расталған кезден немесе операция аяқталған кезден кешіктірмей, тиісті түрде пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Активтер және ұзын позициялар сұраныстың бағасы негізінде бағаланады: міндеттемелер және қысқа позициялар ұсыныс бағасының негізінде бағаланады. Компанияда өзара өтелетін позициялар болған жағдайда, осындай позицияларды бағалау үшін орташа нарықтық бағалар пайдаланылады, және сұраныс немесе ұсыныс бағасына дейін түзету нақты жағдайға сәйкес таза ашық позицияға қатысты ғана жүзеге асырылады. Әділ құны құралға қатысты кредиттік тәуекелді көрсетеді және Компанияның құрамына кіретін компанияның, егер бұл қажет болса, контрагенттің кредиттік тәуекелін есепке алуға арналған түзетулер кіреді. Егер Компания үшінші тарап болып табылатын нарық қатысушысы мәмілені жасасу кезінде бағаны белгілеу үшін оларды есепке ала алса, модельдерді пайдаланумен алынған әділ құнның бағалаулары өтімділік тәуекелі немесе модель белгісіздігінің факторлары сияқты кез келген басқа факторларға қатысты түзетіледі.

Кейінгі бағалау кезінде туындайтын пайдалар мен залалдар

Қаржылық активтің немесе міндеттеменің әділ құны өзгерген кезде туындайтын пайдалар немесе залалдар келесі түрде көрсетіледі:

- бұрын капиталдың құрамында көрсетілген жинақталған пайдалар немесе залалдар өзге жиынтық кіріс туралы есепке аударылатын кезде, сату үшін қолда бар қаржылық актив бойынша пайда немесе залал активті тану тоқтатылған сәтке дейін тікелей капиталдың құрамында өзге жиынтық кіріс ретінде көрсетіледі (құнсызданудан болған шығындарды және шетелдік валютамен мәмілелерден алынған пайдаларды немесе залалдарды қоспағанда). Сату үшін қолда бар қаржылық актив бойынша пайыздық кірістер туындаған сәтте тиімді сыйлықақы мөлшерлемесі әдісін пайдаланумен пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтер мен міндеттемелер бойынша пайда немесе залал қаржылық активті немесе міндеттемені тануды тоқтату немесе құнсыздану



«Мұнай сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер
(мың теңгеде)

болған жағдайда пайда немесе залал құрамында, сонымен қатар тиісті амортизацияны есептеу процесінде көрсетіледі.

Тануды тоқтату

Компания аталған қаржылық актив бойынша ақша қаражатының ағындарына шартымен қарастырылған құқықты жоғалтқан кезде немесе ол басқа тарапқа осы қаржылық активке меншік құқығымен байланысты барлық тәуекелдер мен пайдалар табысталаатын немесе Компания осы қаржылық активке меншік құқығымен байланысты барлық тәуекелдер мен пайдалардың елеулі бөлігін табыстамайтын, не сақтамайтын, бірақ қаржылық активке бақылауды сақтамайтын мәмілені жүзеге асыру нәтижесінде қаржылық активті табыстаған кезде қаржылық активті тануды тоқтатады. Оларға қатысты Компаниямен жасалған немесе оған сақталған, тануды тоқтатуға арналған талаптар сақталатын, табысталған қаржылық активтерге қатысудың кез келген үлесі қаржылық жағдай туралы есепте жеке актив немесе міндеттеме ретінде танылады. Компания ол бойынша шарттық міндеттемелер орындалған, жойылған немесе тоқтатылған кезде, қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтатады.

Компания олардың талаптары бойынша қаржылық жағдай туралы есепте танылған активтерді табыстайтын, бірақ бұл ретте табысталған активтерге меншік құқығынан туындайтын барлық тәуекелдер мен пайдаларды өзінде сақтайтын мәмілелерді жасасады. Барлық немесе барлық дерлік тәуекелдер мен пайдаларды сақтаған кезде Компания табысталған активтерді тануды тоқтатпайды.

Олардың талаптары бойынша Компания қаржылық активке меншік құқығынан туындайтын барлық дерлік тәуекелдер мен пайдаларды өзінде сақтамайтын, бірақ табыстамайтын мәмілелерді жасасу кезінде, егер Компания активке қатысты бақылауды жоғалтса, аталған активті тану тоқтатылады.

Егер активті табыстау кезінде Компания оған қатысты бақылауды сақтаса, ол активке Компанияның оның құнының өзгерістеріне ұшырағыштық дәрежесі ретінде анықталатын қатысуды өзінде сақтаған сол бір шамада активті тануды жалғастырады.

Компания өндіріп алуға сенімсіз болып танылған активтерді есептен шығарады.

Активтер мен міндеттемелерді өзара есепке алу

Қаржылық активтер мен міндеттемелер өзара есепке алынады және егер бұл үшін танылған сомаларды өзара есепке алу үшін заңды негіздер және тараптардың нетто негізде есепке алуды немесе бір мезетте активті өткізу және міндеттемені орындауды жүргізу ниеті бар болған жағдайда, қорытынды жаңа сома қаржылық жағдай туралы есепте көрсетіледі.


Ақша қаражаты мен олардың баламалары

Ақша қаражаты мен олардың баламаларына кассадағы ақша қаражаты, корреспонденттік шоттардағы бос қалдықтар, РЕПО кері сатып алу шарттары және банктерде бастапқы өтеу мерзімі үш айдан кем мерзімді депозиттер кіреді. Банктердегі бекітілген өтеу мерзімі бар қаражат кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланумен амортизацияланған құн бойынша есепке алынады.

Бағалы қағаздар бойынша РЕПО және РЕПО-ны кері сатып алу келісімдері

Өзінің қызметі барысында Компания қаржылық активтерді сату және кері сатып алу туралы келісімдерді (бұдан әрі - «РЕПО келісімдері»), сонымен қатар сатып алу және кері сату туралы келісімдерді (бұдан әрі - «РЕПО кері сатып алу келісімдері») жасасады. РЕПО және кері РЕПО операциялары Компаниямен өтімділікті басқару құралдарының бірі ретінде пайдаланылады.

РЕПО мәмілелері - бұл басқа тарапқа болашақта жинақталған пайызды қоса алғанда, алынған ақшалай немесе өзге сыйлықақыға баламалы сомаға қаржылық активтерді кері сатып алу бойынша бірмезетті міндеттемемен ақшалай немесе өзге сыйлықақыға айырбастау ретінде қаржылық активті табыстау туралы келісім. РЕПО шарттары бойынша операциялар есепте қаржыландыру операциялары ретінде көрсетіледі. РЕПО шарттары бойынша сатылған қаржылық активтердің



«Мұнай сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер
(мың теңгеде)

қаржылық есептілікте көрсетілуі жалғасады, ал осындай келісімдер бойынша алынған қаражат банктерде депозитарлық құралдар құрамында активтердің кепілзатымен қамтамасыз етілген, алынған депозит ретінде көрсетіледі.

РЕПО кері сатып алу шарттары бойынша сатып алынған активтер қаржылық есептілікте бағалы қағаздардың немесе өзге активтердің кепілзатымен қамтамасыз етілген депозитте орналастырылған қаражат ретінде көрсетіледі және ақша қаражаты мен олардың баламалары деп жіктеледі.

Компания әдеттегі нарықтық тәжірибеге сәйкес олар бойынша қамтамасыз етуді алатын немесе табыстайтын бағалы қағаздармен қарыздар мәмілелерін және бағалы қағаздар бойынша РЕПО шарттарын жасасады. Қазақстан Республикасында кері сатып алу операцияларының стандарттық талаптарына сәйкес қамтамасыз етудің алушысы мәміле бойынша есептеу кезінде баламалы бағалы қағаздар қайтарылған жағдайда қамтамасыз етуді сату немесе қайта кепілге салу құқығына ие.

Контрагенттерге бағалы қағаздарды табыстау меншік құқығымен байланысты тәуекелдер мен пайдалар табысталған жағдайда ғана қаржылық жағдай туралы есепте көрсетіледі.

Банктердегі қаражат

Әдеттегі қызмет барысында Компания банктерге үш айдан асатын әртүрлі мерзімдерге қаражат орналастырады. Банктердегі бекітілген өтеу мерзімдері бар қаражат кейіннен тиімді сыйлықақы мелшерлемесі әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құны бойынша бағаланады.


Құнсыздану

Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтер

Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтер негізінен сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешектен және банктердегі қаражаттан тұрады («кредиттер және дебиторлық берешек»). Компания ықтималды құнсыздануды анықтау мақсатында тұрақты түрде кредиттер мен дебиторлық берешектің бағалауын жүргізеді. Кредит немесе дебиторлық берешек құнсызданады, және құнсызданудан болған шығындар кредитті немесе дебиторлық берешекті бастапқы танудан кейін болған бір немесе бірнеше оқиғалардың нәтижесінде құнсызданудың объективті дәлелдері бар болған жағдайда және де көрсетілген оқиғаның (немесе оқиғалардың) сенімділіктің жеткілікті дәрежесімен бағалануы мүмкін ақша қаражатының болжамды болашақ ағындарына әсері бар болған жағдайда ғана орын алады.

Қаржылық активтер құнсыздануының объективті дәлелдемелеріне қарызгермен жіберілген міндеттемені орындамау (дефолт) немесе төлемдердің мерзімін өткізіп алу, қарызгермен шарт бойынша міндеттемелерді немесе шарттың талаптарын бұзу, Компания кез келген басқа жағдайда қарамауы мүмкін талаптармен кредиттің немесе аванстың қайта құрылымдауы, қарызгердің немесе эмитенттің ықтималды банкроттығының белгілері, бағалы қағаз үшін белсенді нарықтың жоғалуы, қамтамасыз ету құнының азаюы немесе топқа кіретін қарызгерлердің төлем қабілеттілігінің нашарлауы немесе көрсетілген топқа кіретін қарызгерлермен міндеттемелерді орындамаумен (дефолтпен) арақатынас орнататын экономикалық жағдайлардың өзгеруі сияқты активтердің тобына жататын басқа да бақыланатын деректер кіруі мүмкін.

Компания әуелі құнсызданудың объективті дәлелдемелерінің болуын жеке-жеке елеулі болып табылатын кредиттер мен дебиторлық берешек бойынша бөлек және жеке-жеке елеулі болып табылмайтын кредиттер мен дебиторлық берешек бойынша жеке немесе ұжымдық түрде бағалайды. Егер Компания жеке-жеке бағаланатын кредит немесе дебиторлық берешек бойынша құнсызданудың объективті дәлелдемелердің болмауын елеулі немесе елеулі емес деп анықтаған жағдайда, кредит кредиттік тәуекелдің ұқсас сипаттамалары бар кредиттер мен дебиторлық берешектер тобына кіреді және ұжымдық негізде активтер тобының құрамына құнсыздану жөнінде бағаланады. Құнсызданудан болған шығын туындайтын немесе болуды жалғастыратын құнсыздану жөнінде жеке-жеке бағаланатын кредиттер және дебиторлық берешек құнсыздану жөнінде ұжымдық бағалауға кірмейді.



«Мұнай сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер
(мың теңгеде)

Кредиттер немесе дебиторлық берешек бойынша құнсызданудан болған шығын келтірудің объективті дәлелдемелері болған жағдайда, залалдың сомасы кредиттің немесе дебиторлық берешектің баланстық құны және дебиторлық берешек бойынша бастапқы тиімді сыйлықақы мөлшерлемесін пайдалана отырып дисконтталған кепілдіктер мен қамтамасыз етудің өтелетін сомасын қоса алғанда, ақша қаражатының болжамды болашақ ағындарының ағымдағы сәтке келтірілген құны арасындағы айырма ретінде өлшенеді. Жасалған шарттардың талаптарына сәйкес ақша қаражатының ағындары және қолда бар тиісті ағымдағы экономикалық жағдайларды көрсететін ақпараттың негізінде түзетілген залалдарды алудың тарихи тәжірибесі ақша қаражатының болжамды ағындарын анықтау үшін негіз ретінде болады.

Бірқатар жағдайларда кредиттің немесе дебиторлық берешектің құнсыздануынан болған залалдың сомасын анықтау үшін қажетті қолда бар ақпарат шектелуі мүмкін немесе ағымдағы жағдайлар мен мән-жайларға енді сәйкес келмеуі мүмкін. Егер қарызгер қаржылық қиындыққа тап болса, ал ұқсас қарызгерлерге қатысты қолжетімді ақпараттың көлемі шектелсе, осындай жағдай орын алуы мүмкін. Мұндай жағдайларда Компания құнсызданудан болған залалдың сомасын анықтау үшін өзінің тәжірибесін және пайымдамаларын пайдаланады.

Кредиттер мен дебиторлық берешектің құнсыздануынан болған барлық залалдар пайдалар немесе залалдар құрамында көрсетіледі және егер өтелетін құнның кейінгі көбеюі құнсызданудан болған залалдарды танудан кейін болған оқиғамен объективті түрде байланысты болуы мүмкін жағдайда ғана қалпына келтіруге жатады.

Кредитті немесе дебиторлық берешекті өндіріп алу мүмкін болмаған жағдайда, дебиторлық берешек дебиторлық берешек құнсыздануына тиісті резервтің есебінен есептен шығарылады. Компания кредиттердің және дебиторлық берешектің қалдықтарын (және дебиторлық берешектің құнсыздануына қатысты кез келген тиісті резервтерді) Компанияның басшылығы кредиттерді немесе дебиторлық берешекті өндіріп алу мүмкін емес, және кредиттерді немесе дебиторлық берешекті өндіріп алу бойынша барлық қажетті рәсімдер аяқталды деп анықтаған соң есептен шығарады.

Сату үшін қолда бар қаржылық активтер


Сату үшін қолда бар қаржылық активтердің құнсыздануынан болған залалдар қайта жіктелген түзетулер ретінде пайда немесе залал құрамына, өзге жиынтық кірістің құрамында танылған, жинақталған залалды аудару арқылы танылады. Пайда немесе залал құрамына өзге жиынтық кіріс құрамынан қайта жіктелетін жинақталған залал негізгі соманың кез келген төлемдерін шегере отырып сатып алу құны және бұрын пайда немесе залал құрамында танылған құнсызданудан болған залалды шегере отырып, ағымдағы әділ құны және амортизация арасындағы айырма болып саналады. Ақшаның уақытша құнына жататын құнсыздануға жұмсалатын резервтің өзгерістері пайыздық кірістің құрауышы ретінде көрсетіледі.

Аталған бағалы қағаз бойынша нақты шығындардан төмен құнға дейін, сату үшін қолда бар үлестік бағалы қағаздың әділ құнының елеулі немесе ұзақ азаюы құнсызданудың объективті дәлелдемесі болып табылады.

Егер де кейінгі кезеңде сату үшін қолда бар құнсызданған борыштық бағалы қағаздың әділ құны көбейсе, және көбеюі пайда немесе залал құрамында құнсызданудан болған шығын танылған соң болған оқиғамен байланысты болуы мүмкін жағдайда, құнсызданудан болған шығын қалпына келеді, және қалпына келген шама пайда немесе залал құрамында танылады. Алайда сату үшін қолда бар құнсызданған борыштық бағалы қағаздың әділ құнын кез келген кейінгі қалпына келтіру өзге жиынтық кіріс құрамында танылады.

Қаржылық емес активтер

Кейінге қалдырылған салықтардан ерекшеленетін қаржылық емес активтер құнсыздану белгілерінің бар болуына әрбір есепті күн жағдайы бойынша бағаланады. Қаржылық емес активтердің өтелетін құны сату бойынша шығыстарды және пайдаланудан түскен құндылықты шегере отырып әділ



«Мұнай сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер
(мың теңгеде)

құннан ең үлкен шама болып табылады. Пайдаланудан түскен құндылықтарды анықтау кезінде ақша қаражатының болжамды болашақ ағындары аталған активтерге тән тәуекелдерді және ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтың бағалауын көрсететін, салық салуға дейінгі дисконттау мөлшерлемесін пайдаланумен, олардың ағымдағы сәтіне келтірілген құнына дисконтталады. Өзге активтермен тудырылатын ақша қаражатынан айтарлықтай дәрежеде тәуелсіз ақша қаражатының түсімін тудырмайтын актив үшін өтелетін құн актив соған тиесілі ақша қаражатын тудыратын актив бойынша анықталады. Құнсызданудан болған залал ақша қаражатын тудыратын активтің қалпына келтірілген баланстық құны оның өтелетін құнынан асып түсетін кезде танылады.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан болған барлық залалдар өзге жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі және егер өтелетін құнды анықтау кезінде пайдаланылатын бағалауларда өзгерістер болған жағдайда ғана қалпына келтіруге жатады. Активтің құнсыздануынан болған кез келген залал активтің қалпына келтірілген баланстық құны егер де құнсызданудан болған кез келген залал қаржылық есептілікте көрсетілмесе, қалыптасқан осындай баланстық құннан (амортизация мен тозуды шегере отырып) аспайтын көлемде қалпына келтіруге жатады.

Резервтер

Резерв Компанияда болған оқиға нәтижесінде заңды немесе негізделген міндеттемесі туындайтын жағдайда қаржылық жағдай туралы есепте көрсетіледі және де аталған міндеттемені орындау үшін қаражатты тарту талап етілу ықтималдылығы бар. Егер мұндай міндеттеменің сомасы елеулі болса, онда резервтер ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағалауын және бұл қай жерде қолданылса, аталған міндеттемеге тәуекелдерді көрсететін, салық салуға дейін дисконттау мөлшерлемесін пайдаланумен ақша қаражатының болжамды болашақ ағындарын дисконттау жолымен анықталады.

Акционерлік капитал

Жай акциялар меншікті капитал ретінде жіктеледі. Жарғылық капитал бастапқы құны бойынша көрсетіледі. Жаңа акцияларды шығаруға тікелей байланысты шығыстар пайдаға байланысты кез келген салықтарды шегергенде капиталдың азаюы ретінде көрсетіледі.

Дивидендтер

Компанияның дивидендтерді жариялауы мен төлеуі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының реттеуіне түседі.

Қарапайым акциялар бойынша дивидендтер жарияланғанына қарай қаржылық есептілікте бөлінбеген пайданы пайдалану ретінде көрсетіледі.

Тұрақтандырушылық резерв

Тұрақтандырушылық резерв сақтандыру сомасы залалдылығының ауытқуларын теңдестіру және белгілі тәуекелдер бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін арналған. Сақтандырушыға жағымды жылдарда жинақталып, ол ірі масштабты сақтандыру төлемді талап ететін сақтандыру тәуекелінің есептік шамасына немесе өткізуінен нақты залалдылығының асып түсуі кезінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру көзі болады. Тұрақтандырушылық резервті есептеу аяқталған қаржылық жыл нәтижелері бойынша сақтандырудың әрбір класы бойынша жеке жүргізіледі.

Салық салу

Табыс салығына ағымдағы салық және кейінге қалдырылған салық кіреді. Табыс салығы өзге жиынтық кіріс құрамында көрсетілетін операцияларға немесе сәйкесінше, өзге жиынтық кіріс құрамында немесе тікелей капиталдың құрамында көрсетілетін, тікелей капиталдың шоттарында көрсетілетін жеке меншік иелерімен операцияларға жататын сомаларды қоспағанда, толық көлемде пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.



«Мұнай сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер
(мың теңгеде)

Ағымдағы салық есепті күн жағдайы бойынша, мағынасы бойынша, қолданысқа енгізілген немесе әрекет ететін салық мөлшерлемелеріне және өткен жылдар үшін табыс салығын төлеу бойынша міндеттеме шамасының барлық түзетулеріне қатысты төлеуге жататын салық сомасы болып саналады.

Кейінге қалдырылған салық қаржылық есептілікте оларды көрсету мақсаттары үшін анықталатын активтер мен міндеттемелердің баланстық құны және олардың салықтық базасы арасында туындайтын мезгілдік айырмаларға қатысты көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салық активті немесе міндеттемені бастапқы тану кезінде туындайтын және бухгалтерлік, не болмаса салық салынатын пайдаға әсер етпейтін мезгілдік айырмаларға қатысты танылмайды. Кейінге қалдырылған салықтың мөлшері, мезгілдік айырмаларды қалпына келтіру сәтінде, есепті күндегі жағдай бойынша қолданыстағы немесе, мәні бойынша қолданысқа енгізілген заңдарға негізделген болашақта қолданылатын салық мөлшерлемесіне сүйене отырып анықталады.

Кейінге қалдырылған салық бойынша талаптар болашақта мезгілдік айырмаларды, салықтар бойынша қабылданбаған шығыстарды және пайдаланылмаған салықтық жеңілдіктерді жабу үшін жеткілікті салық салынатын пайданың алыну ықтималдылығы бар. Кейінге қалдырылған салық бойынша талаптардың мөлшері салықтық талаптарды іске асырудан тиісті пайданың алыну ықтималдылығы енді болмайтын дәрежеде азаяды.

Кірістер мен шығыстарды тану

Пайыздық кірістер мен шығыстар тиімді сыйлықақы мөлшерлемесі әдісін пайдаланумен пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Өзге комиссиялар, сонымен қатар өзге кірістер мен шығыстар тиісті қызметті беру күніндегі пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Дивидендтер нысанындағы кіріс дивидендтерді жариялау күніне пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

3. Жаңа және қайта қаралған халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын (ХҚЕС) қолдану

Бірқатар жаңа стандарттар, стандарттарға түзетулер мен түсіндірулер 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әлі күшіне енген жоқ және осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылған жоқ. Көрсетілген жаңа енгізілімдерден төмендегі стандарттар, түзетулер мен түсіндірулер Компанияның қызметіне ықтимал әсер етуі мүмкін. Компания аталған стандарттарды, түзетулер мен түсіндірулерді олар күшіне енген сәттен бастап қолдануды бастауды жоспарлап отыр.


ХҚЕС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттары»

ХҚЕС (IFRS) 17 сақтандыру шарттарын тану, бағалау, беру және ашу қағидаттарын белгілейді және ХҚЕС (IFRS) 4 «Сақтандыру шарттары» стандартын алмастырады.

ХҚЕС (IFRS) 17 тікелей қатысу талаптары барсақтандыру шарттары үшін түрлендірілетін және ауыспалы сыйлықақы әдісі ретінде анықталатын жалпы модель болып саналады. Егер белгілі критерийлер қанағаттандырылса, жалпы модель сыйлықақыны бөлу әдісін пайдалана отырып, қалған өтеу бойынша міндеттемені бағалау жолымен оңайлатылды.

Жалпы модельде болашақ ақша ағындарына қатысты сомаларды, мерзімдерді және белгісіздікті бағалау үшін ағымдағы жорамалдар пайдаланылады, және онда осындай белгісіздік құны бөлек бағаланады. Модель нарықтық пайыздық мөлшерлемелерді және опциондарды және сақтанушылар кепілдіктерінің әсер етуін есепке алады.

Стандарт мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен 2023 жылғы 01 қаңтардан немесе одан кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты қолданылады. Ол ретроспективті түрде қолданылады, егер бұл іс жүзінде мүмкін болса, әйтпесе түрлендірілген ретроспективті тәсіл немесе әділ құн бойынша есепке алу қолданылуы тиіс. "ХҚЕС (IFRS) 17 түзетулері" жобасы бойынша



«Мұнай сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер
(мың теңгеде)

ХҚЕС (IFRS) 17 шығарылғаннан кейін анықталған қиындықтарды енгізуге байланысты мәселелер мен қиындықтар. Осыған байланысты стандарттың ресми күшіне ену күні 2023 жылғы 01 қаңтарға дейін кейінге қалдырылды (бастапқыда - 2021 жылғы 01 қаңтардан бастап).

Өтпелі талаптар мақсатында ұйым осы стандартты алғаш рет қолданатын жылдық есепті кезеңнің басталуы бастапқы қолдану күні болып табылады, ал көшу күні бастапқы қолдану күнінің тікелей алдындағы кезеңнің басталу күні болып табылады.

Компания басшылығы аталған стандартты қолдану болашақта Компанияның қаржылық есептілігіне әсер етеді деп күтпейді, өйткені Компанияда осы стандарттың қолданылу аясына кіретін құралдар жоқ.

ХҚЕС (IAS) 1 "Қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді міндеттемелер ретінде міндеттемелерді жіктеу" (2010-2012 жж. ХҚЕС жыл сайынғы жақсартуларын қалыптастыру жөніндегі жоба шеңберінде) түзетулері

Түзетулер, егер ұйым міндеттемені күтсе және міндеттемені қайта қаржыландыруға немесе оны өтеу мерзімін бұрынғы қарыз берушімен қолданыстағы кредиттік желі шеңберінде есепті кезеңнен кейін кемінде 12 айға тең немесе ұқсас шарттарда ауыстыруға өкілеттігі болса, міндеттеменің ұзақ мерзімді ретінде жіктелетінін түсінуді жеңілдетуге арналған.

Түзетулер қаржылық жағдай туралы есепте міндеттемелерді ұсыну бөлігінде ғана, яғни сома бөлігінде, ақпаратты тану немесе ашу сәтінде ғана өзгеріс енгізеді.

Түзетулер жіктеу есепті кезеңнің соңында міндеттемені өтеуді кемінде 12 айға кейінге қалдыру құқығының болуына негізделуі тиіс екенін түсіндіреді. Осылайша, түзетулер нақты түрде "есепті кезеңнің соңында" орын алған құқықтар ғана міндеттемелерді жіктеуге әсер етуі керек екенін көрсетеді. Бұл ретте жіктеу ұйымның контрагентке ақша қаражатын, үлестік құралдарды немесе басқа да активтерді немесе қызметтерді аударуды білдіретін міндеттемені өтеуді кейінге қалдыру құқығын пайдаланатындығына қатысты күтулерге байланысты емес.

Түзетулер 2023 жылғы 01 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын кезеңдерге қатысты күшіне енеді және ретроспективті түрде қолданылады. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі.


Компания басшылығы бұл түзетулерді қолдану Компанияның болашақ кезеңдегі есептілігіне әсер етуі мүмкін деп күтпейді.

ХҚЕС (IFRS) 9, ХҚЕС (IAS) 39, ХҚЕС (IFRS) 7, ХҚЕС (IFRS) 4, ХҚЕС (IFRS) 16) "Базалық пайыздық мөлшерлемені реформалау - 2-кезең" түзетулері

Базалық пайыздық мөлшерлеме реформасындағы өзгерістер - 2-кезең (ХҚЕС (IFRS) 9, ХҚЕС (IAS) 39, ХҚЕС (IFRS) 7, ХҚЕС (IFRS) 4 және ХҚЕС (IFRS) 16) базалық пайыздық мөлшерлеме реформасының қаржы активтерін, қаржылық міндеттемелерді және жалдау бойынша міндеттемелерді түрлендіруді есепке алуға әсеріне, ХҚЕС (IFRS) 7 сәйкес хеджирлеуді және ақпаратты ашуға қойылатын талаптарды есепке алуға қатысты.

ХҚЕС жөніндегі кеңес базалық пайыздық мөлшерлемелерді реформалаудың тікелей салдары ретінде шартта көзделген ақша ағындарының өзгеруін есепке алу үшін ақша ағындарын айқындаудың жаңа базисі бастапқы базиске экономикалық тұрғыдан барабар болған жағдайда практикалық ерекшелік енгізеді. Практикалық ерекшелікке сәйкес ақша ағындарының мұндай өзгерістері тиімді пайыздық мөлшерлемені қайта есептеу жолымен перспективалы негізде ескерілуге тиіс. Барлық басқа модификациялар қолданыстағы ХҚЕС талаптарын пайдалана отырып ескеріледі.

Осындай практикалық ерекшелік ХҚЕС (IFRS) 16 стандартына сәйкес жалдау шарттарын есепке алу кезінде жалға алушыларға қатысты қолданылады. Түзетулер компаниядан пайдаланушылар IBOR реформасынан туындайтын тәуекелдердің сипаты мен дәрежесін және ұйымның осы



«Мұнай сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер
(мың теңгеде)

тәуекелдерді қалай басқаратынын, сондай-ақ ұйымның IBOR-дан балама базалық мөлшерлемелерге ауысудағы ағымдағы мәртебесін және ұйым осы ауысуды қалай басқаратынын түсіну үшін қосымша ақпаратты ашуды талап етеді.

Түзетулер 2021 жылғы 01 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді және ретроспективті түрде қолданылуы тиіс, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі.

Компания басшылығы бұл түзетулерді қолдану Компанияның болашақ кезеңдегі есептілігіне әсер етуі мүмкін деп күтпейді.

ХҚЕС (IFRS) 10 және ХҚЕС (IAS) 28 "Инвестор арасындағы және оның қауымдасқан ұйымымен немесе бірлескен кәсіпорнымен жасалған мәмілелердегі активтерді сату немесе жарна салу" түзетулері

ХҚЕС (IFRS) 10 және ХҚЕС (IAS) 28 түзетулері инвестор мен оның қауымдасқан ұйымы немесе бірлескен кәсіпорны арасында активтерді сату немесе жарна салу жағдайларына қолданылады. Атап айтқанда, түзетулер үлестік қатысу әдісімен ескерілетін қауымдасқан ұйыммен немесе жергілікті кәсіпорынмен жасалған мәміледе бизнес болып табылмайтын еншілес ұйымды бақылауды жоғалтудан түскен пайда немесе залал осы қауымдасқан ұйымдағы немесе бірлескен кәсіпорындағы басқа байланысты емес инвесторлардың үлесінде ғана бас кәсіпорынның пайдасы немесе залалы құрамында танылатынын түсіндіреді. Осыған ұқсас бұрынғы еншілес ұйымдағы (қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға инвестиция ретінде жіктелетін және үлестік қатысу әдісімен ескерілетін) қалған үлестің әділ құны бойынша қайта бағалаудан түскен пайда немесе залал бұрынғы бас кәсіпорын жаңа қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға байланысты емес инвесторлардың үлесінде ғана танылады.

Күшіне ену күні әлі анықталған жоқ, бірақ мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі.

Егер осындай транзакциялар орын алса, Компания басшылығы бұл түзетулерді қолдану Компанияның болашақ кезеңдегі есептілігіне әсер етуі мүмкін деп күтпейді.

ХҚЕС жыл сайынғы жақсартулары, 2018-2020 жж.

Түзетулер тізіміне үш стандартқа түзетулер, сондай-ақ стандарттардағы талаптар арасындағы елеулі сәйкессіздіктерді, олқылықтарды немесе қайшылықтарды тұжырымдайтын немесе жоятын өзгерістер болып табылатын Кеңестің жыл сайынғы жақсартулары кіреді.

- **ХҚЕС 3 "Бизнес бірлестіктері" түзетулері** ХҚЕС 3-ке сілтемені бизнесті біріктіруді есепке алуға қойылатын талаптарды өзгертпей, қаржылық есептілік үшін Концептуалды негізге жаңартады.

- **ХҚЕС (IAS) 16 "Негізгі құралдар" түзетулері** активті мақсаты бойынша пайдалану үшін дайындау уақытында өндірілген тауарларды сатудан алынған соманы негізгі қаражат құнынан шегеруге тыйым салады. Оның орнына сатудан түскен осы кірістер тиісті шығындар пайданың немесе залалдың құрамында танылады.

- **ХҚЕС (IAS) 37 "Резервтер, шартты міндеттемелер және шартты активтер" түзетулері** шарттың залалды болып табылатындығын бағалау кезінде енгізілетін шығындарды айқындайды.

Жыл сайынғы жақсартулар ХҚЕС 1 "Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын бірінші рет қолдану", ХҚЕС (IFRS) 9 "Қаржы құралдары", БЕХС 41 "Ауыл шаруашылығы" және ХҚЕС (IFRS) 16 "жалға алу" сүйемелдейтін иллюстрациялық мысалдарға шамалы түзетулер енгізеді.

Барлық түзетулер 2022 жылғы 01 қаңтардан бастап күшіне енеді, мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі.

Егер осындай транзакциялар орын алса, Компания басшылығы бұл түзетулерді қолдану Компанияның болашақ кезеңдегі есептілігіне әсер етуі мүмкін деп күтпейді.



«Мұнай сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер
(мың теңгеде)

4. Сақтандыру тәуекелдерін басқару

Компания сақтандыру тәуекелдерін табыстауға арналған шарттарды жасасады. Аталған бөлімде аталған тәуекелдер берілген және Компания оларды басқару үшін пайдаланатын тәсілдер сипатталған.

(a) Тәуекелді басқару мақсаттары және сақтандыру тәуекелін азайту бойынша саясат

Сақтандыру тәуекелдерін басқару Компаниямен жүзеге асырылатын қызмет үшін сыни түрде маңызды болып табылады. Сақтандыру шарттарына қатысты мақсаты аталған портфельдер бойынша сақтандыру наразылықтарынан ақша қаражатының күтілетін ағындарына сәйкес келетін қолданылу мерзімі және өтеу сомасы бар активтерді таңдау болады.

Компаниямен жүзеге асырылатын сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша негізі қызмет тәуекелге тікелей ұшырайтын жеке тұлғалардан және ұйымдардан болатын залал тәуекелін қабылдауды ұйғарады. Осындай тәуекелдер мүлікпен, жауапкершілікпен, жазатайым оқиғамен, жүктермен, денсаулықпен, сақтандырылатын оқиға нәтижесінде туындауы мүмкін қаржылық немесе өзге тәуекелдермен байланысты болуы мүмкін. Бұл ретте Компания шарт бойынша наразылықтардың басталу мерзімі мен ауырлығымен байланысты белгісіздік тәуекеліне ұшырайды.

Компания өзінің сақтандыру тәуекелін сақтандыру сомасын шектеу, жаңа өнімдер кіретін және белгілі лимиттерден асып түсетін операцияларды мақұлдау рәсімдер, баға белгілеу бойынша нұсқаулықтар, қайта сақтандыруды орталықтандырылған басқару және туындайтын мәселелерді мониторингілеу арқылы басқарады.

Ықтималдылық теориясы баға белгілеуге және сақтандыру шарттары бойынша резервтерді есептеуге қолданылады. Негізгі тәуекел сақтандыру наразылықтарының жиілігі мен ауырлығы күтілетіндерден жоғары болуы мүмкін болып саналады. Сақтандыру оқиғалары өз табиғаты бойынша кездейсоқ болып табылады және бір жыл ішінде оқиғаның нақты саны мен көлемі белгіленген статистикалық әдістерді пайдаланумен есептелген сақтандыру оқиғаларынан ерекшеленуі мүмкін.

(i) Сақтандыру қызметі бойынша стратегия

Компанияның сақтандыру қызметі бойынша стратегиясы теңдестірілген портфельді қамтамасыз ету мақсатында әртараптандыруға бағытталған және бірқатар жыл бойы ұқсас тәуекелдердің үлкен портфелінің бар болуына негізделеді, және осының арқасында мүмкін болатын нәтиженің өзгергіштігі азаяды деп саналады.

Компанияның сақтандыру қызметі бойынша стратегиясы сақтандыруға жататын қызмет түрлерін, қызмет сақтандырылуға жататын аумақты және Компанияның сақтандыруға дайын өнеркәсіп салаларын анықтайтын бизнес-жоспарда баяндалған. Аталған стратегия портфельдер құрамында тәуекелдерді тиісті таңдауды қамтамасыз ету мақсатында сақтандырудың әрбір бағытында әрбір сақтандырушыға арналған лимиттерді, сақтандыру класын, аумағын және саласын анықтайтын егжей-тегжейлі сақтандыру қағидалары үшін негіз болып табылады.

Тарифтерді және сақтандыру өнімдерінің бағаларын есептеу ағымдағы нарықтық конъюнктураны көрсетеді және оған қаржылық тәуекелдерді елеулі азайтуға бағытталған болашақ нәтижелердің түзетулері үшін қажетті болатын ең ықтималды жорамалдар кіреді.

Басшылық сақтандыру қағидаларының сақталуын тұрақты негізде бақылайды. Компанияның Директорлар кеңесі арнайы рұқсатты талап ететін мәмілелерге ерекше назар аударады.

(ii) Қайта сақтандыру бойынша стратегия

Компания өзінің залалдар туындау тәуекелін басқару және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында сақтандыру тәуекелдерінің бір бөлігін қайта сақтандырады. Компания газ тәуекелді азайту және төлем қабілеттіліктің нақты маржасының асып түсуін болдырмау мақсатында факультативтік қайта сақтандыруға және шектемелі қайта сақтандыруға кіреді.



«Мұнай сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер
(мың теңгеде)

Табысталған қайта сақтандыру кредиттік тәуекелді және осындай қайта сақтандыру бойынша өтелетін сомаларды қамтиды, төлем қабілетсіздік және үмітсіз борыштар бойынша баптарға шегерістерді есепке алумен беріледі. Компания тұрақты түрде қайта сақтандырушылардың қаржылық жағдайының мониторингін жүргізеді және қайта сақтандыру бойынша шарттарды дүркін-дүркін қайта қарайды.

Компания залалдарды шектейтін қайта сақтандыру бойынша қандай да бір келісімдерді пайдаланбайды.

(б) Сақтандыру шарттарының талаптары мен ережелері және жабылатын тәуекелдердің санаты

Төменде сақтандыру шарттарына сәйкес туындайтын ақша қаражатының болашақ ағындарының сомасына, мерзімдеріне және белгісіздігіне елеулі әсер ететін сақтандыру шарттарының талаптары мен ережелері келтірілген. Бұдан басқа, әрі қарай - Компанияның негізгі өнімдерінің бағалауы және Компания олар арқылы осы өнімдермен байланысты тәуекелдерді басқаратын тәсілдер берілген.

(i) Жалпы сақтандыру бойынша шарттар – Мүлік

Өнім ерекшеліктері

Мүлікті сақтандыру сақтанушыны материалдық жеке меншігіне келтірілуі мүмкін залалдан немесе зияннан және аталған залалмен туындаған қызметті тоқтата тұрудан қорғайды (өтеудің қандай да бір шектеулерімен немесе кеңейтулерімен).

Ғимараттарға және олардың ішіндегі мүлікке залал келтіру бойынша наразылықтар үшін себеп болып табылатын жағдай әдетте кенеттен болады (мысалы, өрт немесе тонау сияқты) және оның себебін анықтау оңай. Сөйтіп, наразылық уақытылы беріліп, кедергілерсіз реттеле алынады. Сондықтан мүлікті сақтандыру наразылықтың соңғы құнын анықтауға көбірек уақыт кететін ұзақ мерзімді жауапкершілікпен салыстырғанда аяқталудың мерзімі қысқа жауапкершілік ретінде жіктеледі.

Тәуекелдерді басқару

Аталған өніммен байланысты негізгі тәуекелдер сақтандыру қызметінің бәсекелестіктің және сақтандыру өтеулерін төлеудің тәуекелдері болып табылады.

Компанияның әртүрлі сақтандырылатын жеке меншігіне сәйкес келетін сақтандыру сыйлықақыларын есептемейтіні сақтандыру қызметінің тәуекелі болып табылады. Үй мүлкін сақтандыруға қатысты тәуекелдердің ұқсас бейіні бар мүліктің үлкен саны күтіледі. Алайда бұл коммерциялық қызмет үшін тән болып табылмайды. Коммерциялық мүліктің көп бөлігі үшін ұсыныстар орналасқан орнының бірегей комбинациясынан және орындарда қауіпсіздік шараларынан тұратын болады. Тәуекелмен салыстыруға келетін сақтандыру шарттарының деректері бойынша сақтандыру сыйлықақыларын есептеу субъективті және, демек, тәуекелді болып саналады.

Мүлік түрлері сақтандырушының бұрмаланған немесе шынайы емес наразылықтарды білдіреді немесе залал келтірілген соң мәлімделген сомасын көтереді деген тәуекелге ұшырайды. Бұл айтарлықтай дәрежеде экономикалық жағдайларды мүліктік портфельдің рентабельдігімен неліктен корреляциялайтынын түсіндіреді. Негізінен сақтандыру тәуекелі ақылға қонымды баға белгілеу, халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес мүлікті тәуелсіз бағалау, өнімнің дизайны, тәуекелді және қайта сақтандыруды таңдау арқылы басқарылады. Демек, Компания мониторингті жүзеге асырады және өзінің қызметін жүзеге асыратын жалпы экономикалық және коммерциялық жағдайлардағы өзгерістерге ден қояды.

Сақтандыру процесінің шеңберінде тәуекелдің шоғырлануы Компанияның міндеттемесіне айтарлықтай дәрежеде әсер етуі мүмкін нақты жағдай немесе жағдайлардың сериясы болған кезде туындауы мүмкін. Мұндай шоғырланулар жалғыз сақтандыру шартына немесе байланысты



«Мұнай сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер
(мың теңгеде)

сақтандыру шарттарының аз санына байланысты туындауы мүмкін және елеулі міндеттемелер туындауы мүмкін мән-жайларға жатады.

(ii) Сақтандыру шарттары – Автокөлік құралдары иелерінің жауапкершілігі және жалпы азаматтық-құқықтық жауапкершілік

Өнім ерекшеліктері

Компания автокөлік құралдары иелерінің жауапкершілігін сақтандыруды және Қазақстан Республикасында міндетті және ерікті сақтандыру бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруды жүзеге асырады. Осындай шарттарға сәйкес сақтанушыларға дене жарақаттары үшін, сонымен қатар үшінші тұлғалардың өмірі, денсаулығы және (немесе) мүлкі үшін төленген кез келген ақшалай өтемақыларды өтейді. Автокөлік құралдары иелерінің жауапкершілігін сақтандыру және жалпы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру аяқталуы мерзімі ұзақ сақтандыру ретінде қаралады, себебі оқиғаның белгілі жылы үшін наразылықтарды соңғы анықтау және өтеу жеткілікті түрде ұзақ кезеңді алады.

Тәуекелдерді басқару

Аталған өніммен байланысты негізгі тәуекелдер сақтандыру қызметінің, бәсекелестіктің және сақтандыру өтеулерін төлеудің тәуекелдері болып табылады. Тәуекелмен салыстыруға келетін сақтандыру шарттарының деректері бойынша сақтандыру сыйлықақыларын есептеу субъективті және, демек, тәуекелді болып саналады. Негізінен сақтандыру тәуекелі ақылға қонымды баға белгілеу, өнімнің дизайны, тәуекелді, тиісті инвестициялық стратегияны, рейтингті және қайта сақтандыруды таңдау арқылы басқарылады. Демек, Компания мониторингті жүзеге асырады және жалпы экономикалық және коммерциялық жағдайдарда өз қызметінің өзгерістеріне ден қояды.

(iii) Сақтандыру шарттары – Жүктер

Өнім ерекшеліктері

Компания жүктерді сақтандыруды жүзеге асырады. Жүктерді сақтандыру сақтанушыны сатып алушыларға тасымалдау кезінде оның жүгіне келтірілген залалдан немесе зияннан қорғайды (қандай да бір шектеулермен немесе кеңейтулермен). Аталған өнім бойынша акционерлерге кіріс наразылықтарды және Компания көтерген шығыстарды өтеуге төленген сомаларды шегере отырып, сақтанушыларға төлеуге есептелген жалпы сақтандыру сыйлықақылардан түседі. Наразылықтар үшін себеп болып табылатын оқиғаны «әлсіз әсерге - жиі туындауға» ие ретінде сипаттауға болады және оның себебін анықтау оңай. Сөйтіп, наразылық уақытылы беріліп, кедергілерсіз реттеле алынады. Сондықтан жүктерді сақтандыру аяқталудың қысқа кезеңі бар жауапкершілік ретінде жіктеледі.

Тәуекелдерді басқару

Аталған өніммен байланысты негізгі тәуекелдер сақтандыру қызметінің, бәсекелестіктің және сақтандыру өтеулерін төлеудің тәуекелдері болып табылады. Сондай-ақ Компания сақтанушылардың тарапынан алаяқтық тәуекеліне ұшыраған.

Компанияның әртүрлі сақтандырылатын маршруттарға сәйкес келетін сақтандыру сыйлықақыларын есептемейтіні сақтандыру қызметінің тәуекелі болып табылады. Кез келген сақтандыру шарттары бойынша тәуекел маршрут және белгіленген орын, тасымалдаушының қауіпсіздік шаралары, жүктің сипаты сияқты және т.б. көптеген факторларға байланысты өзгереді. Коммерциялық жүк бойынша көптеген ұсыныстар маршруттың бірегей комбинациясынан және белгіленген орыннан, жүктердің түрінен және тасымалдаушылар қабылдаған қауіпсіздік шараларынан тұратын болады. Тәуекелмен салыстыруға келетін сақтандыру шарттарының деректері бойынша сақтандыру сыйлықақыларын есептеу субъективті болып саналады.

Жүктер түрлері сақтандырушының бұрмаланған немесе шынайы емес наразылықтарды білдіреді немесе келтірілген залал сомасын көтереді деген тәуекелге ұшырайды. Бұл айтарлықтай дәрежеде экономикалық жағдайларды мүлктік портфельдің рентабельдігімен неліктен салыстырылатынын



«Мұнай сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер
(мың теңгеде)

түсіндіреді. Негізінен сақтандыру тәуекелі ақылға қонымды баға белгілеу, өнімнің дизайны, қайта сақтандыру тәуекелін таңдау арқылы басқарылады.

Демек, Компания мониторингті жүзеге асырады және өзінің қызметін жүзеге асыратын жалпы экономикалық және коммерциялық жағдайлардағы өзгерістерге ден қояды. Сақтандыру процесінің шеңберінде тәуекелдің шоғырлануы Компанияның міндеттемесіне айтарлықтай дәрежеде әсер етуі мүмкін нақты жағдай немесе жағдайлардың сериясы болған кезде туындауы мүмкіндігінің ықтималдығы аз. Жалпы алғанда, жүктің жеткізілімдері шектелген партиялармен жүзеге асырылады және әртүрлі жеткізілімдер өзара байланысты емес.

(iv) Сақтандыру шарттары – Медициналық сақтандыру

Өнім ерекшеліктері

Медициналық сақтандыру сырқаттану немесе басқа медициналық бұзылуға байланысты сақтандырылған адам шығыстарының ішінара немесе толық өтемақысы мөлшерінде сақтандыру төлемді жүзеге асыруды қарастырылған сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып саналады. Сақтандыру өтеліміне клиникалық және амбулаторлық емдеу, жыл сайынғы медициналық қараулар, стоматологиялық қызметтер, оңалту іс-шаралары, вакцинациялар, медикаменттердің құны және т.б. кіреді, бірақ жедел медициналық қызметпен шектелмейді. Аталған өнім бойынша кіріс наразылықтарды және Компания көтерген шығыстарды өтеуге төленген сомаларды шегере отырып, сақтанушыларға төлеуге есептелген жалпы сақтандыру сыйлықақылардан түседі. Сақтандыру полисінде жазылған шарттарға байланысты, Компания медициналық қызметтердің жеткізушісіне наразылықтар сомасын төлеуі мүмкін немесе тікелей сақтандырылған адамның шығыстарын өтеуі мүмкін.

Тәуекелдерді басқару

Аталған өніммен байланысты негізгі тәуекелдер сақтандыру қызметінің, бәсекелестіктің және сақтандыру өтеулерін төлеудің тәуекелдері болып табылады.


Компанияның сақтандыру полисінде жазылған сақтандыру өтелімінің жеке ерекшеліктеріне сәйкес келетін сақтандыру сыйлықақыларын есептемейтіні сақтандыру қызметінің тәуекелі болып табылады. Кез келген сақтандыру шарттары бойынша тәуекел жазылатын медициналық қызметтердің санынан және өтелген шығындардың сомаларындағы шектеулерге байланысты өзгереді. Негізінен сақтандыру тәуекелі баға белгілеу, өнімнің дизайны, тәуекелді, тиісті инвестициялық стратегияны, рейтингті және қайта сақтандыруды таңдау арқылы басқарылады. Демек, Компания мониторингті жүзеге асырады және өзінің қызметін жүзеге асыратын денсаулық сақтаудың беталыстары мен шарттарындағы өзгерістерге ден қояды.

(v) Сақтандыру тәуекелдерін шоғырландыру

Компания тап болған сақтандыру тәуекелінің негізгі аспектісі - бұл егер белгілі оқиға немесе бірқатар оқиға Компанияның міндеттемелеріне елеулі әсер етуі мүмкін болған жағдайда бола алатын сақтандыру тәуекелін шоғырландыру дәрежесі. Мұндай шоғырландыру бір сақтандыру шартына немесе байланыстырылған шарттардың шағын санына қатысты туындауы мүмкін және де елеулі міндеттемелер туындауы мүмкін мән-жайлармен байланысты болуы мүмкін. Сақтандыру тәуекелінің шоғырландырудың маңызды аспектісі оның бірқатар сақтандырудың жеке кластары немесе шарттар сериясы ішінде тәуекелдердің жинақталу нәтижесінде туындау мүмкіндігінде болады.

Тәуекелдердің шоғырландырулары сирек болатын, бірақ табиғи апаттар сияқты ауырлықтың жоғары дәрежесі бар оқиғалар нәтижесінде, сондай-ақ сақтандыру қызметі, белгілі топтың, мысалы, белгілі географиялық орналасу немесе демографиялық үрдістер жағына ауытқыған жағдайларда туындауы мүмкін.

Компания аталған тәуекелдерді басқару үшін пайдаланатын негізгі әдістердің екі жақты сипаты бар. Біріншіден, тәуекелдерді басқару сақтандыру қызметін тиісті жүргізу арқылы жүзеге асырылады.



«Мұнай сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер
(мың теңгеде)

Егер күтілетін пайда қабылданатын тәуекелдерге пропорционалды болмаса, сақтандырушыларға сақтандыру шарттарын жасасуға рұқсат етілмейді. Екіншіден, тәуекелді басқару қайта сақтандыруды пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Компания өздерінің міндеттемелерінің түрлі кластары үшін қайта сақтандыру бойынша және мүлікті сақтандыру бойынша өтелімді алады. Компания қайта сақтандыру бағдарламасымен байланысты шығындар мен пайдалардың бағалауын тұрақты түрде жүргізеді.

(г) Тәуекелдерге жалпы ұшырағыштық

Компания тәуекелді шоғырландыруға қатысты оны қабылдауға дайын тәуекелге жалпы ұшырағыштықты анықтайды. Компания бұл ұшырағыштықты Компания ұшыраған тәуекелдердің негізгі жиынтықтарын көрсететін есептерді талдау жолымен шартты жасасу сәтіне, сондай-ақ ай сайын қадағалайды. Компания қайта сақтандыру бағдарламаларының тиімділігін және Компанияның тәуекелдерге таза ұшырағыштығын бағалау мақсатында, бірқатар модельдеу құралдарын пайдаланады.

(і) Қызметтің әртүрлі бағыттарының тәуекелге ұшырауы

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша анықталған тәуекелдердің негізгі шоғырлануы былайша берілген:

Сақтандыру түрі	Сақтандырудың жалпы сомасы	Қайта сақтандыру сомасы	Жеке ұстап қалу (қайта сақтандырудан кейін)
Мүлік - ерікті	3 087 472 105	1 274 905 678	1 812 566 427
Әуе көлігі иелерінің жауапкершілігі - ерікті	13 507 754	12 728 197	779 557
Жүктер - ерікті	241 107 490	196 912 359	44 195 131
Жазатайым оқиға - ерікті	31 166 304	2 162 158	29 004 146
Тасымалдаушының азаматтық жауапкершілігі – міндетті	855 918 395	-	855 918 395
Жалпы азаматтық жауапкершілік - ерікті	209 571 750	40 494 679	169 077 071
Су көлігі иелерінің жауапкершілігі - ерікті	2 469 520 000	952 572 484	1 516 947 516
Қаржылық залалдар – ерікті	268 184 786	139 796 723	128 388 063
Әуе көлігі - ерікті	973 820	801 275	172 545
Кәсіби жауапкершілік – ерікті	69 174 943	15 633 991	53 540 952
Су көлігі - ерікті	68 396 930	22 938 966	45 457 964
Ауырған жағдайда - ерікті	188 445 588	42 608 595	145 836 993
Титулдық сақтандыру - ерікті	24 417 587	77 915	24 339 672
Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігі - міндетті	4 434 325 540	-	4 434 325 540
Өзге ерікті сақтандыру түрлері	180 281 110	33 356 770	146 924 340
Өзге міндетті сақтандыру түрлері	28 358 873	1 829 313	26 529 560
Жыны	12 170 822 975	2 736 819 103	9 434 003 872

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша анықталған тәуекелдердің негізгі шоғырлануы былайша берілген:

Сақтандыру түрі	Сақтандырудың жалпы сомасы	Қайта сақтандыру сомасы	Жеке ұстап қалу (қайта сақтандырудан кейін)
Мүлік - ерікті	2 046 459 923	1 515 271 989	531 187 934
Әуе көлігі иелерінің жауапкершілігі - ерікті	14 326 666	11 968 472	2 358 194
Жүктер - ерікті	117 829 259	76 249 999	41 579 260
Жазатайым оқиға - ерікті	46 197 800	5 127 726	41 070 074
Тасымалдаушының азаматтық жауапкершілігі – міндетті	725 141 401	970 649	724 170 752

«Мұнай сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер
(мың теңгеде)

Жалпы азаматтық жауапкершілік - ерікті	266 855 777	63 225 986	203 629 791
Су көлігі иелерінің жауапкершілігі - ерікті	1 025 804 000	996 323 580	29 480 420
Қаржылық залалдар – ерікті	253 309 506	42 517 543	210 791 963
Әуе көлігі - ерікті	236 988	-	236 988
Кәсіби жауапкершілік – ерікті	115 416 954	40 399 769	75 017 185
Су көлігі - ерікті	119 241 677	22 378 902	96 862 775
Ауырған жағдайда - ерікті	381 204 676	-	381 204 676
Титулдық сақтандыру - ерікті	35 563 660	1 041 583	34 522 077
Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігі міндетті	4 592 350 850	-	4 592 350 850
Өзге ерікті сақтандыру түрлері	150 630 128	25 972 624	124 657 504
Өзге міндетті сақтандыру түрлері	23 935 325	1 520 050	22 415 275
Жпыны	9 914 504 590	2 802 968 872	7 111 535 718

(ii) Елдер бөлінісінде тәуекелдердің әсеріне ұшырау

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания Қазақстан Республикасынан басқа келесі елдерде тәуекелдерге тап болады:

Ел	Сақтандырудың жалпы сомасы	Қайта сақтандыру сомасы	Жеке ұстап қалу (қайта сақтандырудан кейін)
Әзірбайжан	10 137 603	8 906 993	1 230 610
Маврикий	5 348 700	5 204 888	143 812
Корея, Республика	1 554 017	1 009 198	544 819
Ресей Федерациясы	89 416 414	820 014	88 596 400
Франция	987 757	324 000	663 757
Қырғызстан	8 940 703	257 129	8 683 574
Үндістан	584 474	250 309	334 165
Швеция	316 872	244 433	72 439
Біріккен Араб Әмірліктері	463 018	51 086	411 932
Сауд Арабиясы	526 040	12 000	514 040
Өзге елдер	45 697 767	2 426 203	43 271 564
Жалпы тәуекелге ұшырау (Қазақстанды қоспағанда)	163 973 365	19 506 253	144 467 112
Қазақстан	12 006 849 610	2 717 312 850	9 289 536 760
Барлығы	12 170 822 975	2 736 819 103	9 434 003 872

Ел	Сақтандырудың жалпы сомасы	Қайта сақтандыру сомасы	Жеке ұстап қалу (қайта сақтандырудан кейін)
Әзірбайжан	580 681	-	580 681
Маврикий	5 311 880	5 186 023	125 857
Корея, Республика	3 360 267	1 767 001	1 593 266
Ресей Федерациясы	97 713 574	-	97 713 574
Франция	1 008 952	-	1 008 952
Қырғызстан	19 776 012	-	19 776 012
Үндістан	964 876	184 749	780 127
Швеция	30 300	-	30 300
Біріккен Араб Әмірліктері	3 641 884	56 867	3 585 017
Сауд Арабиясы	369 260	42 000	327 260
Өзге елдер	54 866 343	1 008 935	53 857 408
Жалпы тәуекелге ұшырау (Қазақстанды қоспағанда)	187 624 029	8 245 575	179 378 454
Қазақстан	9 726 880 561	2 794 723 297	6 932 157 264
Барлығы	9 914 504 590	2 802 968 872	7 111 535 718

«Мұнай сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер
(мың теңгеде)

(д) Залалдардың дамуы

Өткен кезең үшін залалдардың даму динамикасының талдауы Компанияның кезең залалдарының соңғы мөлшерін бағалау қабілеттігін қамтамасыз етеді. Компания сақтандырудың барлық кластары бойынша залалдар дамуының талдауын жүргізді.

Келтірілген кестеде «Төленбеген наразылықтар және наразылықтар бойынша шығыстар бойынша жалпы міндеттеме (ОМЗР және МРЗР)», «Өтеуге жататын қайта сақтандыру сомасы», «Төленбеген наразылықтар және наразылықтар бойынша шығыстар бойынша таза міндеттеме (таза ОМЗР және таза МРЗР)» жолдарында есепті күндерге бағаланған (кезеңнің аяғы), сәйкесінше, қайта сақтандырушы үлесімен және қайта сақтандырушы үлесінсіз, жалпы залалдар резервтерінің деректері келтіріледі. Кестенің бұл бөлігі Компанияның белгілі күнтізбелік кезеңіне жататын залалдарының жалпы сомасын бағалау кейінгі кезеңдерде өзгергенін көрсетеді.

«Мына кезде орын алған сақтандыру жағдайлар бойынша сақтандыру төлемдері (өспелі қорытындымен):» жолдарында тиісті жолда көрсетілген күн жағдайы бойынша, тиісті бағанадағы тақырыпта көрсетілген жыл ішінде болған шығындар бойынша өспелі қорытынды бар төлемдер туралы деректер келтіріледі.

«Мына кезде болған тиісті жыл үшін сақтандыру жағдайлары бойынша залалдардың жалпы резерві:» жолдарында тиісті жолда көрсетілген күн жағдайы бойынша қайта бағаланған, тиісті бағананың тақырыбында көрсетілген жыл ішінде болған шығындардың резерві келтіріледі.

«Залалдар резервінің артығы/(тапшылығы) (жинақталған)» жолдарында залалдардың бастапқы жалпы резерві және көтерген залалдардың ағымдағы бағалауы және өспелі қорытындысы бар төлемдер арасындағы айырма келтіріледі.

Залалдар резервтерінде Компания болашақ залалдардың тәжірибесі болжанатын тәжірибеден бұдан да жағымсыз болады деген ықтималдылықты бағалайды, және де елеулі белгісіздік бар болған жерде резервтерді жоспарлауда абайлық танытады. Ақыр соңында залалдардың жағымсыз өсуімен байланысты, жылда мәлімделген белгісіздік дамудың ерте сатысында аталған жылдың бағалауынан көбірек, және резервтер мөлшерінің барабарлығы кепілдігіне арналған қор максималды. Залалдар динамикасының дамуымен қосымша жағымсыз залалдардың мөлшері бұдан да белгілі болады, кепілдікті қор азаяды. Және де бұл залалдар резервін қалыптастыруда есепке алынады.

Аталған кесте өткен кезеңдер үшін төленбеген залалдарды бағалау жеткіліктігін тарихи шолуды беретін болса да, осы қаржылық есептіліктің пайдаланушылары ағымдағы кезеңнің төленбеген залалдарының балансына өткен кезеңдердің тапшылығы және залалдардың экстраполяциясы кезінде абайлық сақтауы тиіс. Алайда, резервтерді қалыптастыру процесіне тән белгісіздік салдарынан аталған бағалаулар түпкілікті қорытындыда барабар болатынына абсолютті сенімділік жоқ.



«Мұнай сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер
(мың теңгеде)

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша залалдардың дамуын талдау (брутто):

	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
2020 жылғы 31 желтоқсанда							
Төленбеген наразылықтар және наразылықтар бойынша шығыстар бойынша жалпы міндеттеме (ОМЗР және МРЗР)	2 917 274	3 312 501	3 306 285	2 671 780	3 153 156	2 889 577	2 461 063
Өтеуге жататын қайта сақтандыру сомасы	(674 491)	(639 104)	(498 237)	(332 335)	(687 695)	(414 118)	(304 370)
Төленбеген наразылықтар және наразылықтар бойынша шығыстар бойынша таза міндеттеме (таза ОМЗР және таза МРЗР)	2 242 783	2 673 397	2 808 048	2 339 445	2 465 461	2 475 459	2 156 693
Тіністі жылы болған сақтандыру жағдайлары бойынша залалдардың жалпы резерві:							
Жылдың аяғына	1 804 927	1 503 145	2 273 047	1 606 783	1 617 491	1 303 785	1 416 605
Мына кезде болған сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемдері (өспелі қорытындымен):							
бір жыл өткен соң	1 455 129	1 090 509	1 061 224	1 075 153	800 088	1 128 765	
екі жыл өткен соң	1 631 632	1 213 171	1 174 158	1 143 590	840 468		
үш жыл өткен соң	1 656 787	1 257 462	1 219 854	1 169 189			
төрт жыл өткен соң	1 679 038	1 290 544	1 226 091				
бес жыл өткен соң	1 709 781	1 308 206					
алты жыл өткен соң	1 714 329						
Осы күндегі өспелі қорытындысы бар төлемдер	1 714 329	1 308 206	1 226 091	1 169 189	840 468	1 128 765	
Тіністі жылы болған сақтандыру жағдайлары бойынша жылдың аяғына залалдардың жалпы резерві:							
бір жыл өткен соң	540 943	477 191	363 558	493 791	542 421	157 156	
екі жыл өткен соң	383 414	264 174	290 529	418 816	274 164		
үш жыл өткен соң	174 003	211 409	167 116	208 029			
төрт жыл өткен соң	214 432	144 558	114 575				
бес жыл өткен соң	168 899	78 664					
алты жыл өткен соң	90 352						
Өспелі қорытындымен келтірілген залалдарды ағымдағы бағалау	90 352	78 664	114 575	208 029	274 164	157 156	
Залалдар резервінің (жинақталған) артығы/(тапшылығы):	246	116 275	932 381	229 565	502 859	17 864	
Бастапқы жалпы залалдар резерві артығының / (тапшылығының) %	0%	8%	41%	14%	31%	1%	



«Мұнай сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер
(мың теңгеде)

5. Ақша қаражаты мен олардың баламалары

Қаржылық жағдай туралы есепке енгізілген, есепті жылдың аяғына ақша қаражаты мен олардың баламалары келесі түрде берілген:

	2020 жылғы 31 желтоқсан	2019 жылғы 31 желтоқсан
Үш айдан кем емес бастапқы мерзімге жасасқан, РЕПО кері сатып алу шарттары	1 430 439	964 177
Банктерде ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты, теңгеде	95 789	70 214
Банктерде ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты, шетелдік валютада	12 143	6 663
Брокерлік шоттардағы ақша қаражаты, теңгеде	110	2 371
Брокерлік шоттардағы ақша қаражаты, шетелдік валютада	342	5 285
Кассадағы ақша қаражаты	5 165	2 133
Ақша қаражаты мен олардың баламалары жиыны	1 543 988	1 050 843

2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанындағы РЕПО кері сатып алу шарттарының әділ және баланстық құнын салыстыру:

	2020 жылғы 31 желтоқсан		2019 жылғы 31 желтоқсан	
	Баланстық құны	Әділ құны	Баланстық құны	Әділ құны
Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	374 163	366 449	-	-
Қазақстандық эмитенттердің корпоративтік облигациялары	761 418	764 723	964 177	1 131 494
Жергілікті эмитенттердің акциялары	294 858	302	-	-
РЕПО кері сатып алу шарттары жиыны	1 430 439	1 131 474	964 177	1 131 494

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша РЕПО кері сатып алу шарттарының құрамына 4 509 мың теңге мөлшерінде есептелген пайыздық кіріс кіреді (2019 жылғы 31 желтоқсан: 2 875 мың теңге).

6. Банктердегі қаражат

	2020 жылғы 31 желтоқсан	2019 жылғы 31 желтоқсан
<i>Қазақстандық банктер</i>		
Екінші деңгейлі банктерде орналастырылған қысқа мерзімді салымдар	1 234 068	1 396 850
Екінші деңгейлі банктерде орналастырылған ұзақ мерзімді салымдар	1 410 056	2 050 537
Екінші деңгейлі банктерде орналастырылған мерзімді салымдар бойынша сыйлықақы түрінде есептелген кірістер	17 010	21 611
Банктердегі қаражат жиыны	2 661 134	3 468 998

2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша банктердегі қаражаттар құрамына Компанияның қызметкерлеріне берілген кредиттер бойынша және сақтандыру тендерлері бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ ұсынылған кепілзат болып табылатын, сәйкесінше 44 242 мың теңге және 42 694 мың теңге мөлшерінде, пайдалануға шектелген ақша қаражатының қалдықтары кіреді.



«Мұнай сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер
(мың теңгеде)

2020 және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаты келесі кредиттік мекемелерге орналастырылған:

Мерзімді салымдар	2020 жылғы 31 желтоқсан	2019 жылғы 31 желтоқсан
«Хоум Кредит энд Финанс Банк» АҚ ЕБ	1 237 545	758 281
«Сбербанк России» АҚ ЕБ	511 442	649 547
«Банк Центр Кредит» АҚ	117 147	1 464 020
«Банк ВТБ (Қазақстан)» АҚ ЕБ	795 000	597 150
	2 661 134	3 468 998

7. Сату үшін қолда бар қаржылық активтер

	2020 жылғы 31 желтоқсан	2019 жылғы 31 желтоқсан
Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	3 405 064	3 276 381
Қазақстандық банктердің облигациялары	1 772 113	1 515 930
«Қазақстанның Даму банкі» АҚ облигациялары	865 766	897 133
Екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, заңды тұлғалар	1 713 386	1 121 155
Бағаланатын борыштық бағалы қағаздар жиыны	7 756 329	6 810 599
Рейтингі жоқ корпоративтік акциялар	465 849	519 268
Бағаланбайтын үлестік бағалы қағаздар жиыны	465 849	519 268
Сату үшін қолда бар қаржылық активтер жиыны	8 222 178	7 329 867
Сату үшін қолда бар қаржылық инвестициялар (кепілге берілген)		
Екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, заңды тұлғалар		
Қазақстандық эмитенттердің корпоративтік облигациялары	257 726	-
Сату үшін қолда бар қаржылық инвестициялар (кепілге берілген) жиыны	257 726	-
Сату үшін қолда бар қаржылық инвестициялар жиыны	8 479 904	7 329 867

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сату үшін қолда бар қаржылық активтерге 100 614 мың теңге мөлшерінде есептелген пайыздық кіріс енгізілді (2019 жылғы 31 желтоқсан: 100 166 мың теңге).

8. Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек

	2020 жылғы 31 желтоқсан	2019 жылғы 31 желтоқсан
Сақтанушылардың дебиторлық берешегі	1 510 735	1 313 381
Қайта сақтандырушылардың дебиторлық берешегі	76 540	59 313
	1 587 275	1 372 694
Құнсыздануға арналған резервті шегергенде	(14 919)	(15 386)
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек жиыны	1 572 356	1 357 308

2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияда үлесі дебиторлық берешегі капиталдың 10%-дан асатын сақтанушылар немесе қайта сақтандырушылар болған жоқ.

Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешектің құнсыздануға жұмсалатын резервтің қозғалысы:

	2020 жыл	2019 жыл
01 қаңтарда	15 386	24 126
Резервті есептеу	38 167	67 703
Резервті қалпына келтіру	(37 610)	(75 263)
Есептен шығарулар	(1 024)	(1 180)
31 желтоқсанда	14 919	15 386



«Мұнай сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер
(мың теңгеде)

9. Сақтандыру шарттары бойынша резервтер және сақтандыру шарттары бойынша резервтердегі қайта сақтандырушылар үлесі

	2020 жылғы 31 желтоқсан		
	Брутто	Қайта сақтандыру	Нетто
Еңбекпен табылмаған сыйлықақылар бойынша резерв	6 968 901	(2 389 154)	4 579 747
Орын алған, бірақ мәлімделмеген залалдар бойынша резерв	1 693 309	(276 183)	1 417 126
Мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар бойынша резерв	767 754	(28 187)	739 567
Сақтандыру шарттары бойынша резервтер жиыны	9 429 964	(2 693 524)	6 736 440

	2019 жылғы 31 желтоқсан		
	Брутто	Қайта сақтандыру	Нетто
Еңбекпен табылмаған сыйлықақылар бойынша резерв	5 903 430	(1 483 064)	4 420 366
Орын алған, бірақ мәлімделмеген залалдар бойынша резерв	1 644 447	(293 100)	1 351 347
Мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар бойынша резерв	1 245 131	(121 018)	1 124 113
Сақтандыру шарттары бойынша резервтер жиыны	8 793 008	(1 897 182)	6 895 826

(а) Сақтандыру шарттары бойынша резервтердегі қозғалыстарды талдау


	2020 жыл	2019 жыл
1 қаңтардағы қалдық	8 793 008	7 775 160
Есептелген сақтандыру сыйлықақылары (17-ескертпе)	15 879 163	13 316 255
Сыйлықақылар бойынша қайтарулар (17-ескертпе)	(1 008 446)	(1 187 029)
Еңбекпен табылған сақтандыру сыйлықақылары	(13 805 246)	(10 847 800)
Ағымдағы жылғы талаптардың күтілетін құны	1 416 605	1 304 763
Өткен жылдардың шығындарына қатысты бағалаулар мен төлемдердің өзгеруі	(1 845 120)	(1 568 341)
	9 429 964	8 793 008

(б) Еңбекпен табылмаған сыйлықақылар бойынша резервтегі қозғалыстарды талдау

	2020 жыл	2019 жыл
1 қаңтардағы қалдық	5 903 430	4 622 004
Есептелген сақтандыру сыйлықақылары (17-ескертпе)	15 879 163	13 316 255
Сыйлықақылар бойынша қайтарулар (17-ескертпе)	(1 008 446)	(1 187 029)
Еңбекпен табылған сақтандыру сыйлықақылары	(13 805 246)	(10 847 800)
	6 968 901	5 903 430

(в) Шығындар резервіндегі қозғалыстарды талдау

	2020 жыл	2019 жыл
Орын алған, бірақ мәлімделмеген залалдар резервінің 1 қаңтардағы қалдығы	1 644 447	1 792 398
Мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар резервінің 1 қаңтардағы қалдығы	1 245 131	1 360 758
1 қаңтардағы қалдық	2 889 578	3 153 156
Ағымдағы жылғы талаптардың күтілетін құны	1 416 605	1 304 763
Өткен жылдардың шығындарына қатысты бағалаулар мен төлемдердің өзгеруі	(1 845 120)	(1 568 341)
31 желтоқсандағы қалдық	(428 515)	(263 578)
Орын алған, бірақ мәлімделмеген залалдар резервінің 31 желтоқсандағы қалдығы	1 693 309	1 644 447
Мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар резервінің 31 желтоқсандағы қалдығы	767 754	1 245 131
31 желтоқсандағы қалдық	2 461 063	2 889 578



«Мұнай сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер
(мың теңгеде)

(г) Бизнесінің негізгі бағыттары бойынша сақтандыру шарттары бойынша резервтерді талдау

Жорамалдарды анықтау процесі ең ықтималды немесе күтілетін нәтижелердің объективті бағалауын алу үшін арналған. Жорамалдарды қалыптастыру үшін негіз ретінде пайдаланылатын ақпарат көздері ішкі болып табылады, оларға жыл сайын жүргізілетін егжей-тегжейлі зерттеулердің нәтижелері кірмейді. Жорамалдар олардың бақыланатын нарықтық бағаларға және өзге жарияланған ақпаратқа сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында тексеріледі. Алайда қазақстандық сақтандыру нарығында жорамалдарды анықтау және сезімталдық талдауын жүргізу үшін пайдалануы мүмкін болатын, жалпыға қолжетімді ақпараттың жалпы жоқ екенін айтып өту керек.

Қызметтің сипатына байланысты қандай да бір жеке наразылықтардың ықтималды нәтижелерін және мәлімделген наразылықтар бойынша түпкілікті шығындарды дәлме-дәл болжауға өте қиын. Әрбір мәлімделген наразылық барлық мән-жайларға, авариялық сарапшылардан алынған ақпаратқа және ұқсас наразылықтардың мөлшері бойынша тарихи деректерге тиісті назар аударылып, жеке тәртіпте бөлек қаралады. Әрбір жағдай бойынша бағалаулар жаңа деректер пайда болған жағдайда тұрақты түрде қайта қаралып, тиісті түрде жаңартылады. Резервтер қолда бар ағымдағы ақпарат негізінде қалыптастырылады. Алайда түпкілікті міндеттемелер одан арғы оқиғалар нәтижесінде өзгеруі мүмкін. Залалды өтеуге шығындардың қорытынды шамасына әсер ететін көптеген факторлардың әсерін бағалау қиын. Сондай-ақ резервті есептеу күрделілігі сақтандырудың базалық шарттарындағы айырмалар, наразылықтардың күрделілігі, наразылықтардың көлемі және наразылықтардың жеке ауырлығы, наразылықтардың туындау күнін және оны нақты мәлімдеу күнін анықтау салдарынан әртүрлі қызмет түрлері үшін ерекшеленеді.

Орын алған, бірақ мәлімделмеген залалдар бойынша резервтер («ОМЗР») бірқатар статистикалық әдістерді пайдаланумен есептеледі. Мұндай әдістер өткен жылдар үшін залалдардың тарихы бойынша деректер негізінде залалдың әрбір жылы үшін төленген және есептелген наразылықтары бойынша деректерді экстраполяциялайды.

Бұл әдістер залалдар тарихы жөніндегі ақпаратты тарихи залалдардың даму тренді болашақта қайталанатын деген болжамға сүйене отырып пайдаланады. Мұның орын алмауын мүмкін емес қылатын бірқатар себептер бар. Мұндай себептерге экономикалық, құқықтық, саяси және әлеуметтік өзгерістер, бизнес құрылымындағы өзгерістер, кездейсоқ ауытқулар, соның ішінде үлкен залалдардың әсері жатады.


Жалпы сақтандыру шарттары бойынша резервтерді бағалауға ең көп әсері бар жорамалдар залалдардың соңғы жылдары бойынша күтілетін залалдардың коэффициенттері болып табылады. Күтілетін залалдардың коэффициенттері еңбекпен табылған сыйлықақыларға күтілетін залалдардың коэффициенті болып табылады. Міндеттемелерді анықтаған кезде, ақша қаражатының болашақ ағындарын болжауға жеке наразылықтардың сомаларына әсер етуі мүмкін параметрлердің бағалауы кіреді.

Басшылық сақтандырудың көптеген түрлері бойынша жауапкершіліктің аяқталуының қысқа мерзіміне байланысты Компанияның сақтандыру портфелінің нәтижесі негізінен күтілетін залалдар коэффициентінің өзгеруіне сезімтал деп санайды. Компания сақтандыру бойынша өз тарифтерін тұрақты негізде, осы параметрлердегі соңғы өзгерістерге негізделі отырып, осылайша туындайтын үрдістерді назарға ала отырып қайта қарайды.

10. Тарту бойынша кейінге қалдырылған шығыстар

Тарту бойынша кейінге қалдырылған шығыстардың қозғалысы келесі түрде берілген:

	2020 жыл	2019 жыл
01 қаңтарда	1 108 755	711 373
Болашақ кезеңдердің шығыстары	3 209 751	2 885 702
Кейінге қалдырылған шығыстардың амортизациясы	(3 266 147)	(2 488 320)
31 желтоқсанда	1 052 359	1 108 755



«Мұнай сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер
(мың теңгеде)

11. Негізгі құралдар және материалдық емес активтер

	Жер телімдері және ғимараттар	Компьютерлер және жабдықтар	Көлік құралдары	Материалдық емес активтер	Өзге	Жиынды
<i>Сатып алу құны немесе бағалау құны</i>						
2018 жылғы 31 желтоқсанда	1 492 710	119 353	196 002	268 463	417 911	2 494 439
Түсімдер	5 585	3 320		4 343	5 755	19 003
Шығып қалулар	(271 006)	(6 486)	(6 824)	(143 387)	(9 481)	(437 184)
2019 жылғы 31 желтоқсанда	1 227 289	116 187	189 178	129 419	414 185	2 076 258
Түсімдер	-	1 570	5 849	42 393	1 602	51 414
Топтар арасында орын ауыстыру	-	496	-	-	(496)	-
